

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ӘӨЖ 625.089.112

Қолжазба құқығында

БОТАШЕВ ЕРСУЛТАН ТУРГИМБЕКОВИЧ

Полимерлік қалдықтарды пайдалана отырып, жол қаптамаларын құру үшін органикалық байланыстырғыш алу технологиясын әзірлеу

Органикалық заттардың химиялық технологиясы

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
техника ғылымдарының докторы,
профессор
Сырманова К.К.
М.Әуезов атындағы ОҚМУ
Шет елдік ғылыми кеңесші
химия ғылымдарының докторы,
профессор Кемалов А.Ф.
Қазан Федералды Университеті

Қазақстан Республикасы
Шымкент, 2019

Мазмұны

Нормативтік сілтемелер	4
Анықтамалар	5
Белгілеулер мен қысқартулар	6
Кіріспе	7
1 Аналитикалық шолу.	
Битумды полимерлі материалдармен модификациялау арқылы инновациялық органикалық жол байланыстырғыштарын әзірлеу	12
1.1 Жол қаптамаларын құру үшін органикалық байланыстырғыштар	12
1.1.1 Мұнай битумдарының құрамы мен құрылымы	13
1.1.2 Мұнай битумдарын өндіру технологиясы	18
1.1.3 Полимерлі қалдықтармен мұнай битумын модификациялау	20
1.1.4 Полимер-битум органикалық байланыстырғыштарды модификациялау процесінде пластификаторды пайдалану	26
1.2 Полимерлі қалдықтармен модифицирленген жол битумдар үшін органикалық байланыстырғыштарды құрастырудың заманауи жағдайы	27
1.2.1 Шет елде және ҚР битум өндірісінің жағдайы	28
1.2.2 Полимерлі –битумды органикалық байланыстырғыштар туралы негізгі мәліметтер	30
1.2.3 Төзімділігі жоғары маркалы жол битумдарды өндірудің технологиялық әдістері.	32
2 Тәжірибелік бөлім. Зерттеу материалдары. Сынақ әдістерін талдау	37
2.1 Зерттеу нысандары	37
2.2 Органикалық байланыстырғыштарды дайындау әдістері	39
2.3 Битумдардың физика-механикалық қасиеттерін зерттеу әдістері	39
2.3.1 Органикалық байланыстырғыштардың біртектілігін анықтау әдісі.	40
2.3.2 Полимерлердің ерігіштігін өндірістік майда анықтау	40
2.3.3 Битумның және органикалық байланыстырғыштардың иненің ену тереңдігін анықтау әдісі	41
2.3.4 Битумның және органикалық байланыстырғыштардың созылғыштығын анықтау әдісі	41
2.3.5 Органикалық байланыстырғыштардың созылмалдылығын анықтау әдісі	41
2.3.6 Битумның және органикалық байланыстырғыштардың «Сақина мен шар» әдісі бойынша жұмсару температурасын анықтау әдісі	42
2.3.7 ПБОБ тұтану температурасын анықтау	42
2.3.8 Органикалық байланыстырғыштардың құммен үйлесуін анықтау әдісі	42
2.3.9 Битумның сыну температурасын анықтау әдісі	43

2.4	Органикалық байланыстырғыштардың құрылымын ИК-Фурье спектроскопия әдісімен зерттеу	44
3	Нәтижелерді талдау. Органикалық байланыстырғыштардың құрылымын қалыптастыру	46
3.1	Мұнай битумының құрылымы туралы заманауи тұжырымдамасы	46
3.2	Органикалық байланыстырғыштардың қасиеттеріне модифицирлеуші қосымшалардың әсері	50
3.3	Тығыздығы төмен полиэтиленнің полимерлі қалдығын пайдаланғанда полимерлі битумды органикалық байланыстырғыштың физика-механикалық қасиеттерін реттеу	58
3.3.1	ТТПЭ полимерлі қалдықтарын пайдаланғанда полимерлі-битумды органикалық байланыстырғыштардың құрамын таңдау ерекшеліктері	62
3.3.2	Жолға арналған полимерлі-битумды композициялардың қасиеттеріне ісінген вермикулиттің әсерін зерттеу	80
3.4	Талап етілетін сападағы жол қаптамаларын құру үшін полимерлік қалдықтарды қолданумен органикалық байланыстырғыштарды алу технологиясын әзірлеу	85
3.5	Экономикалық бөлім. Полимерлі-битумды байланыстырғыштарды өндірудің негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерін есептеу	95
	Қорытынды	101
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	103
	Қосымша А	114
	Қосымша Б	119
	Қосымша В	120

Нормативтік сілтемелер

Диссертациялық жұмыста келесі нормативтік стандарттарға сілтемелер жасалынды:

ГОСТ 22245-90. Тұтқыр мұнай жол битумы. Техникалық талаптар.

ГОСТ 52056-2003. Стирол-бутадиен-стирол типті блокты сополимерлерге негізделген полимерлі-битум байланыстырғыштар

ГОСТ 16338-85. Төмен қысымдағы полиэтилен. Техникалық талаптар.

ГОСТ 10354-82. Полиэтилен қабыршағы. Техникалық талаптар.

ГОСТ 20799-88. Өнеркәсіптік майлар. Техникалық талаптар.

ГОСТ 11501-78. Мұнай битумдары. Иненің ену тереңдігін анықтау әдісі.

ГОСТ 11505-75. Мұнай битумдары. Созылғыштығын анықтау әдісі.

ГОСТ 11506-73. Мұнай битумдары. Сақина мен шар әдісі бойынша жұмсару температурасын анықтау.

ГОСТ 11507-78. Мұнай битумдары. Фраас әдісімен сыну температурасын анықтау әдісі.

ГОСТ 11508-74. Битумның мәрмәр мен құмға үйлесуін анықтау әдістері.

Анықтамалар

Бұл диссертацияда сәйкесінше анықтамалары келтірілген келесідей терминдер қолданылады:

Органикалық байланыстырғыш материалдар - битумдар, сонымен қатар әртүрлі қоспалар, модификаторлар, пластификаторлар негізіндегі күрделі композициялық материалдар.

Полимерлі-битумды байланыстырғыш - құрамында құрылымдық кеңістікті қалыптастыруға қажет полимердің белгілі бір мөлшері бар битум.

Полимерлі асфальттыбетон – бұл диспергирленген жүйе, яғни дисперсті фазаның бөлшектері болып минералды материалдардың бөлшектері саналады, олар өзінің жазықтығында адсорбирленген және өзінің кеуектеріне байланыстырғыш компоненттің бір бөлігін сіңірген, ал дисперсиялық орта байланыстырғыштың дисперсті ортасы болып табылады.

Битумды модификациялау –эксплуатациялық қасиеттері жоғарылатылған полимерлі-битумды байланыстырғыштарды алу мақсатында полимерлі модификаторларды және басқа қоспаларды енгізу арқылы битумның құрылымды-механикалық қасиеттерін жақсарту.

Полимерлердің агрегатты күйі – элементтер құрылымының қозғалмалдылығымен және жеке көлемі мен формасын сақтауға қабілеттілігімен ерекшеленетін жоғарымолекулалы қосылыстардың физикалық күйі.

Адгезия – контактіге алып келетін түрлі денелер жазықтықтары арасында пайда болатын молекулалық байланыс.

Адгезив – субстракттар қосылуын қамтамасыз ететін зат.

Жоғарысозылмалдылық (созылмалдылық) – полимерлі материалдың сыртқы күш әсері тоқтағаннан соң белгілі уақыттан кейін өзінің бастапқы формасына қалпына қайта келу қабілеті.

Полимерлердің тұтқырлығы – полимерлі жүйелерде үлгінің қайтымды емес формасына кедергі жасау.

Макромолекулалардың қозғалмалдылығы (кинетикалық иілгіштігі) –сыртқы энергетикалық өріс әсерімен полимерлі тізбектердің өзінің конформациясын өзгерту қабілеттілігі.

Релаксация – жүйенің тұрақты емес күйден тұрақты (уақытша процесс) күйге өтумен байланысқан процесс.

Полимерлердің физикалық күйі – элементтер құрылымының өзара орналасуы және олардың қозғалмалдылығымен ерекшеленетін полимерлердің күйі.

Полимерлердің деформациясы – сыртқы энергетикалық өрістің әсерімен полимерлі материалдың формасы немесе көлемінің өзгеруі.

Белгілеулер мен қысқартулар

АПП – атактикалық полипропилен;
ББЗ (ПАВ) – беттік белсенді заттар;
БПЕ – битумқұрамды полимерлі ерітінді;
ҒЗЖ (НИР) – ғылыми-зерттеу жұмысы;
ИК– спектроскопия – инфрақызыл спектроскопия;
МБ (БН) – мұнай битумы;
МЕСТ (ГОСТ) – мемлекеттік стандарт;
МЖБ (БНД) – мұнай жол битумы;
МӨЗ (НПЗ) – мұнай өңдеу зауыты;
ПББ (ПБВ) – полимерлі битумды байланыстырғыш;
ПБОБ – полимерлі битумды органикалық байланыстырғыш;
ПЕ (РП) – полимер ерітіндісі;
ПИ(ИП) – пенетрация индексі;
ПЭ – полиэтилен;
ПЭТФ – полиэтилентерефталат;
СБС – стирол-бутадиен-стирол;
ТАПП (ОАПП) – тотықтандырылған атактикалық полипропилен;
ТЖПЭ (ПЭВП) – тығыздығы жоғары полиэтилен;
ТМПЭ (НМПЭ) – төмен молекулалы полиэтилен;
ТТПЭ (ПЭНП) – тығыздығы төмен полиэтилен.

Кіріспе

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста битумдарды полимерлі қалдық материалдармен модификациялау арқылы органикалық байланыстырғыштарды әзірлеу мәселелері қарастырылады. Полимерлі қалдықтарды пайдаланып жол қаптамаларын құру үшін органикалық байланыстырғыш алу технологиясын әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанның жолдарды дамыту бағдарламасында жол битумының сапалық көрсеткіштерін арттыру арқылы тұтыну көлемінің айтарлықтай өсуін қарастырылған.

Жол құрылысында мұнай битумы кең көлемде қолданылады. Битумның қасиеттері мұнайдың қасиеттеріне және оларды алу тәсілдеріне байланысты.

Жол битумдарын алу үшін ең жақсы шикізатқа құрамында асфальтты шайырлы заттардың көп мөлшері (20%-дан астам) бар жоғары шайырлы азпарафинді мұнайлар жатады. Қазақстан Республикасында жоғары сапалы жол битумдарын өндіру үшін жоғарыкүкіртті, азпарафинді мұнайлардың жеке мол қоры бар. Қалдықтардың шығымы – жол битумын өндіруге арналған шикізат 60% асады. Қалдықтарды тотықтыру өнімдеріне сапалы жол битумы жатады, ол жоғары температуралық қасиеттерімен сипатталған және Ресей, Қазақстан мен Евростандарттың стандарт талаптарына толықтай сәйкес келеді. Қазақстанның жол құрылыс компанияларын жеке сапалы жол битумымен қамтамасыз ету өте өзекті мәселе болып отыр.

Битум – асфальттыбетонды қоспалардың негізгі компоненттерінің бірі, сонымен қатар, жөндеу жұмыстарын жүргізбей пайдалану ұзақтығы яғни жол қаптамаларының сапасы соған байланысты. Битумның физика- механикалық қасиеттерінің ерекшеліктеріне, сондай-ақ салыстырмалы арзандығы мен өндірісінің үлкен көлеміне байланысты, мұнай битумы асфальттыбетонды өндірудің негізгі байланыстырғыш материалы ретінде жүз жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді. Бірақ автомобиль жолдарында үнемі өсіп келе жатқан жүктемелерге байланысты, пайдаланылатын материалдардың оның ішінде байланыстырғыш материалдың да сапасын жоғарылатуды талап етеді. Битумды жоғарымолекулалы қосылыстармен біріктіру арқылы полимерлі-битумды байланыстырғыштарды алып байланыстырғыштың эксплуатациялық сипаттамаларын айтарлықтай жоғарылатуға болады. Органикалық байланыстырғыш материал асфальттыбетонның қасиеттерін алдын-ала анықтайтын негізгі құрылымын құрайтын компоненті болып табылады. Органикалық байланыстырғыш материалдың есебінен минералды түйіршіктер механикалық күштер мен атмосфералық факторларға қарсы қабілеттілігі бар берік монолит түзеді.

Битум мен полимерлік қалдықтарды біріктіру арқылы оның жылу және аязға төзімділігін арттыруға, адгезиялық қасиеттерін жақсартуға ықпал етеді. Әдеби материалдарды талдау нәтижесінде жаңа, практикалық мәні бар полимерлі-битумды композиттерді алу мәселесіне зерттеушілердің қызығушылығын анықтады. Елімізде автокөлік жолдарын дамыту Мемлекеттік

бағдарламасына сәйкес, Қазақстанның тек Республикалық маңызы бар жолдардың өзіне, жол битумына деген сұраныс шамамен 350 мың тоннаны құрайды. Болашақта Республиканың жол құрылысына, жылына 700 мың тонна битум тұтынуды жоспарлап отыр. Келешекте бұл қажеттілік одан да арта түседі. Қазақстанды битуммен қамтамасыз ететін негізгі ел – Ресей, ол жақтан жыл сайын 300 мың тонна жол битумы біздің елімізге жеткізіледі. Қазақстандағы битум өндірісінің жеке жылдық көрсеткіші 350 мың тоннадан аспайды. Сондай-ақ сырттан әкелінетін битумның сапасы бес жол-климаттық аймақпен сипатталатын республиканың заманауи жол құрылысының талаптарына сәйкес келмейтінін ескеру керек.

Мұның бәрі Қазақстан Республикасында жаңа заманауи ірі қуатты битум өндірісін құру қажеттігін көрсетеді, ол тұтынушының жоғары қажеттіліктерін тек санымен ғана емес, құнды өнімнің реттелетін сапасын қанағаттандыруына байланысты.

Қазақстанда жоғары сапалы битум өнімдерін өндіруге жарамды көп мұнай қорлары бары белгілі. Сондықтан мұнай битумдарын жоғары сапалы жол битумына өңдеудің тиімді технологияларын дамыту өзекті міндеттердің бірі болып отыр.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Полимерлік қалдықтарды пайдалана отырып, жол қаптамаларын құру үшін органикалық байланыстырғыш алу технологиясын әзірлеу

Зерттеу жұмысының нысандары: жол битумы, полимер қалдықтары, пластификаторлар, вермикулит, органикалық байланыстырғыштар.

Диссертациялық жұмыста ИК-Фурье спектроскопиясы, битум мен органикалық байланыстырғыштардың физико-механикалық қасиеттерін зерттеу әдістері және т.б. пайдаланылды. Битумды материалдарды алу технологиясының заманауи даму сатысында ғалымдармен және өндірісте апробацияланған, теориялық және практикалық нәтижелер негізінде модификацияланған битумдарды алу әдістері және битум өндірісінің шикізатын дайындау тәсілдері таңдалды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығында:

- мұнай жол битумы мен полимерлі модификаторы негізінде органикалық байланыстырғышты қалыптастыру үдерісінің ерекшеліктері белгіленді;

- органикалық байланыстырғыштардың қажетті қасиеттері мен құрылымын қалыптастыру үдерісін бақылауға мүмкіндік беретін қоспаларды енгізу арқылы байланыстырушы заттардың қасиеттерін ретті бағыттау мүмкіндігі дәлелденді.;

- полимерлі битумды композиция құрамында ұсынылатын модификациялық қоспалардың физика-химиялық өзара әрекеттесу механизмі белгіленді.

- модификацияланған қоспалардың: алынатын органикалық байланыстырғыштың эксплуатациялық және тиімді көрсеткіштерін реттеу үшін полимерлі қалдықтардың тиімділігі дәлелденді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер:

- жол қаптамаларын құрастыру үшін органикалық байланыстырғыштарды жүйелеу;
- ҚР және шет елде битум өндірісінің жай-күйін зерттеу;
- битумды материалдарды өндіру үшін шикізатты таңдаудың негізгі принциптерін қарастыру;
- мұнай битумының құрылымының қазіргі заманғы тұжырымдамаларын зерттеу;
- төзімділігі жоғары маркалы жол битумын өндірудің технологиялық әдістерін зерттеу;
- модификациялайтын органикалық байланыстырғыштардың құрылымдық қасиеттерінің өз байланысын зерттеу және полимерлі қалдықтармен модифицирленген битумдардың физико-механикалық қасиеттерін реттеу.
- битумдарды полимерлі қалдықтармен модификациалау арқылы инновациялық жол, органикалық байланыстырғыштарды құрастыру.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы:

- полимер-битум органикалық байланыстырғыштардың құрылымын қалыптастырудағы тұрақтылығын арттыру үшін заманауи ғылыми-техникалық жетістіктерді талдау;
- өнеркәсіптік қалдықтарды қолданумен мұнай дисперсті жүйелердің теориясының негізгі заңдылықтарының базасында органикалық байланыстырғыштардың сапасын тиімді модификациялау принциптері тұжырымдалған;
- жоғары сападағы жол қаптамаларын алу үшін полимерлі қалдықтар мен вермикулитті қолдану арқылы органикалық байланыстырғышты алу технологиясын құрастыру;
- ісіндірілген Құлантау вермикулитінің жолға арналған полимерлі-битумды композицияның қасиеттеріне әсерін зерттеу.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы:

- ПББ құрылымын қалыптастырудың белгіленген ерекшеліктері негізінде органикалық байланыстырғыштарды алудың параметрлері мен технологиясы құрастырылды;
- тығыздығы төмен көптоннажды полиэтилен қалдығы органикалық байланыстырғышқа қосымша ретінде мақсатты пайдаланылуы дәлелденген, ол басқа модифицирлеуші қосымшалармен полимерлі-битумды органикалық байланыстырғыштың сипаттамаларын жоғарылатады және полимерлі-битумды байланыстырғыштың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік берді;
- битумды композиция құрамында ісінген Құлантау вермикулитінің оптималды мөлшері анықталды. Вермикулитпен созылымдылығы мен адгезиясы жақсартылғаны анықталды, ол алынған органикалық байланыстырғыштарды қолдану арқылы жол қаптамасының беріктігі мен суға төзімділігін қамтамасыз етеді.

"DUOS БИТУМ GROUP" кәсіпорнында - төмен тығыздықтағы полиэтилен және Құлантау вермикулиті қосылған модифицирленген битумдарды өндірістік

сынақтары өткізілді. Полимерлік қалдықтар мен вермикулитті пайдалана отырып, полимерлік-битумды органикалық байланыстырғыштардың әзірленген құрамы талап етілетін сападағы жол жабындарын жасауға, аймақтағы экологиялық мәселелер мен ПБОБ құнын төмендетуге мүмкіндік беретін анықталды.

Жүргізілген есептеулер нәтижесінде полимерлі-битумды байланыстырғыштар өндірісінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері анықталды. Полимер-битумды органикалық байланыстырғышды 52800 т/жыл өнімділігімен, экономикалық тиімділі жылына 1580,662 мың теңгені құрайды.

Осылайша, полиэтилен қалдықтары және отандық Құлантау вермикулитін пайдаланумен әзірленген полимерлі-битумды органикалық байланыстырғыш өндірісі экономикалық тұрғыдан тиімді болып табылады.

Тақырыптың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы. Жұмыс іргелі зерттеу бағдарлама аясында: Б-16-02-03 «Қазақстан Республикасының перспективті кен орындары мұнайларының құрамы мен қасиеттерін зерттеу, оларды өңдеудің оңтайлы технологияларын құрастыру» (2015-2020 ж.) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Гранттық қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша: «Байланыстырғыш полимерлібитум және заманауи асфальттыбетон алу үшін адгезиялық присадкалар мен полифункционалды модификаторларды құрастыру» және «Май өнеркәсібі қалдықтарынан мұнай-газ саласына арналған жаңа тиімді материалдар алу технологияларын құрастыру» (2015-2017ж.) тақырыптарымен жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы: Алынған нәтижелердің сенімділігі заманауи құралдар мен зерттеу әдістерін қолдану арқылы қамтамасыз етілген және зерттеулерді жүргізу әдістемелері мен ғылыми-техникалық әдебиеттерді талдаумен, мұнай дисперсті жүйелер теориясының іргелі қағидаларымен негізделіп алдын-ала жүргізілген іс-тәжірибелік зерттеулермен расталған.

Зерттеу нәтижелерін жариялау. Диссертацияның материалдары әр түрлі халықаралық, республикалық конференциялар мен симпозиумдарда баяндалды және талқыланды;

International symposium «Environmental and engineering aspects for sustainable living» Германия., Ганновер, International conference of Industrial technology and engineering (ICITE Шымкент, 2015ж), «Әуезов оқулары-14; Жаңа жаһандық ахуалдағы Қазақстанның білім мен ғылымдағы иновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция, (Шымкент 2016ж.), III International conference «Industrial technologies and engineering» ICITE-2016, (Шымкент, 2016ж.), Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың 120-жылдығына арналған «Әуезов оқулары-15; Қазақстанның үшінші жаңғыруы-жаңа концепциялар және заманауи шешімдер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, (Шымкент 2017ж.), «Жастарды ұлттық рухани мұра негізіндегі тәрбиелеудің өзекті мәселелері» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, 2017ж., «Әуезов оқулары-16; «Төртінші өнеркәсіптік революция; Қазақстанның

ғылыми, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудағы жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция., Шымкент 2018ж., «Булатовские чтения» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Краснодар, 2018ж.

Жарияланымдар туралы мәліметтер. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері 21 баспа басылымында жарияланды, оның ішінде Scopus базасына енген 2 мақала «Oriental journal of Chemistry» (Үндістан) 2017 ж. журналында, 1 мақала «Известия Академии Наук РК», 2017ж. журналында. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала жарияланды, 1 мақала «М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің ғылыми еңбектері» журналында, 1мақала «Оңтүстік Қазақстан ғылым жаршысы» журналында, 1 ұжымдық монография «Интернаука» баспасында Мәскеу қ. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 10 мақала жарияланды, сонымен қатар «Полимерлі-битумды байланыстырғыш» және «Битум минералды байланыстырғыш» атты 2 жұмыс патенттелді.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі Диссертациялық жұмыс баспалық мәтіннің 123 беттерінде сипатталады және 33 суреттер мен 28 кестелерді қамтиды. Жұмыс кіріспеден, әдебиеттерді шолудан, нысандардың сипаттамасы және зерттеу әдістері, нәтижелер және оларды талқылау, қорытындылар және 160 атауларынан пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 Аналитикалық шолу. Битумды полимерлі материалдармен модификациялау арқылы инновациялық органикалық жол байланыстырғыштарын әзірлеу

1.1 Жол қаптамаларын құру үшін органикалық байланыстырғыштар

Көптеген асфальтты жол қаптамаларында негізгі байланыстырушы компонент табиғаты әр түрлі битум болып табылады.

Басты негіздегі байланыстырғыш ретінде бірқатар құнды қасиеттерге ие және құны арзан, құрамына полярлы қосылыстар кіретін битум суға төзімсіздігімен ерекшеленеді. Олардың беріктік көрсеткіштері де салыстырмалы түрде жоғары емес. Осының барлығы битум негізіндегі асфальт қаптамаларының қасиеттерін айтарлықтай дәрежеде нашарлатады және оларды пайдалану мерзімін қысқартады. Органикалық байланыстырғыш материалдар деп битумды байланыстырғыштар және битум мен түрлі қоспалар, модификаторлар, пластификаторлар негізіндегі күрделі композициялық материалдарды айтады.

Органикалық байланыстырғыш материал асфальттыбетонның қасиеттерін алдын-ала анықтайтын негізгі құрылымын құрайтын компоненті болып табылады. Органикалық байланыстырғыш материалдың есебінен жеке минералды түйіршіктер механикалық күштерге және атмосфералық факторларға төзімділікке қабілетті берік монолит құрайды [1-3].

Жол құрылысында мұнай битумы көп қолданылады. Табиғи битуммен салыстырғанда мұнай битумын өндіру қол жетімді және тиімді болып табылады. Орташа алғанда, мұнай битумының құны табиғи битумның құнынан 5-6 есе төмен [4-6].

Мұнай битумы – бағалы жол-құрылыс материалы, әлемнің өнеркәсібі дамыған елдерінде оны қолданумен жетілдірілген типтегі жол қаптамаларын салуда. Қазіргі уақытта мұнай битумдарын оның ішінде әлдеқайда жетілдірілген асфальттыбетонды пайдаланып, жол қаптамаларының түрлі контрукциялары кең таралған. Стандарттар әртүрлі климаттық жағдайларда түрлі жол қаптамаларын салу үшін жол битумдарының кең ассортиментін өндіруді көздейді.

Битумдардың қасиеттері мұнайдың қасиеттері мен оны алу тәсіліне байланысты. Жол битумдарын алу үшін құрамында асфальтты шайырлы заттардың мөлшері (20% жоғары) көп жоғары шайырлы азпарафинді мұнайлар жақсартылған шикізат көзі болып табылады. Битумды жыныстар кен орындарынан алынатын табиғи битумдар, және мұнайды өңдеуден алынатын жасанды түрі болады. Бағалы қасиеттерінің есебінен, битумдар түрлі құрылыс технологияларында кең көлемде қолдануда.

Жол битумдары өндіру әдісіне байланысты негізгі екі түрге бөлінеді: тотыққан – мұнайдың қалдық өнімдерін тотықтыру нәтижесінде алынған, қалдық – мұнай өңдеу кезінде қалдық өнім ретінде алынған. Еуропаның көптеген елдерінде және АҚШ-та тотыққан битумдармен қатар қалдық

битумдар көп мөлшерде өндіріледі. Қалдық битумдардың қасиеттері көбіне мұнайдың қасиеттеріне байланысты.

Жоғары сапалы жол -құрылыс қасиеттеріне ие қалдық битумды өндіру үшін, осы мақсаттарға арналған мұнайлар (жоғары шайырлы) ғана жарамды. Қалдық битумның қасиеттері мұнайлардан түрлі өнімдерді іріктеу тереңдігіне байланысты. Аса терең іріктелмеген кезде қалдық өнімде май көп қалады, яғни тұтқырлығы төмен битум алынады.

Соңғы жылдарда әлемнің көптеген елдерінде тұтқырлығы әртүрлі мұнай өнімдерін араластыру арқылы (мысалы, асатотыққан гудронды селективті тазаланған майдың экстрактімен) алынатын компуандирленген жол битумдарын пайдалануда. Қажетті қасиеттері бар күрделі компуандирленген битумдарды өндіру компоненттердің ұтымды қатынасы арқылы қамтамасыз етіледі [7-11].

Органикалық байланыстырғыштарды (битум немесе шайыр) жақсартудың бір тәсілі полимерлерлі қалдықтарды енгізу, ол бір немесе бірнеше қасиеттерін, мысалы, температура, біртектілігі, серпімділігі және тозу шегінің өзгеруіне сезімталдығын өзгертуге мүмкіндік береді.

Байланыстырғыштар қасиеттерінің бір уақытта өзгеруінің күрделі процестерін схемалық түрде келесідей ұсынуға болады: полимерлі қалдықтарды байланыстырғышқа енгізгеннен кейін бірінші сатысынан соң полимердің шамалы немесе толықтай еруі нәтижесінде байланыстырғыштың модификациясы жүреді, байланыстырғышты сіңіретін полимердің ісінуі; катализатор әсерімен полимердің химиялық реакциясы (сызықты полимердің түзілуі); қоспалар арасындағы химиялық реакциялар, олар байланыстырғышы бар үшөлшемді (эпоксидті шайырлардың көлденең байланыстары түзілген жағдайда) құрылымды түзеді.

Бұл кезде келесі негізгі параметрлер: өзгертетін байланыстырғыштың сипаттамасы мен қосылуына әсер ететін табиғи қосымша; тұтқырлық; байланыстырғыштарды дайындау үшін қолданылатын жабдықтардың түрлері, температура, араластыру ұзақтығы, пайдаланатын энергия ескеріледі.

Модифицирленген байланыстырғыштарды дайындау шарттары олардың қасиеттеріне тікелей әсер етеді. Қазіргі уақытта олардың қасиеттерін, құрамдас компоненттерді мен құрылымды қалыптастыру процестерін меңгеру бойынша жан-жақты және терең зерттеулер жүргізілуде.

1.1.1 Мұнай битумдарының құрамы мен құрылымы

Битумдар мұнайдан шыққан жоғары молекулалы көмірсутектердің және құрамында оттегі, күкірт, азот пен металдардың кешенді қосылыстары бар әртүрлі құрылымдағы гетероорганикалық қосылыстардың күрделі қоспасы болып табылады.

Битумның элементті химиялық құрамы, % масс. бойынша: 80-85 көміртегі; 8-12 сутегі; 0,2-4 оттегі; күкірт 0,5-10; азот 0,2 - 10,4. Мұнайдың асфальтты концентраттарындағы кейбір металдардың құрамы % масс бойынша: ванадий 0,22; никель 0,115; темір 0,110; кальций 0,054 құрайды. Битумның орташа

молекулалық салмағы 700-800, нақты тығыздығы шамамен 1000 кг/м³ құрайды [1,б.210-211,3,б.25-26].

Битум құрылымының күрделілігі парафиндерді қоспағанда, кез келген жеке қосылыстарды анықтауды және оқшаулауды қиындатады, сондықтан битумдар компоненттер топтарына бөлінеді. Битумдардан көмірсутектердің келесі топтары бөлінеді: майлар, шайырлар (бензолды және спирт бензолды), асфальтендер, кейбір кезде асфальтогенді қышқылдар және олардың ангидридтері, карбендер мен карбоидтар. Майлар мен шайырлар сомасын көбінесе мальтендер деп атайды.

Майлар битумның дисперсиялық ортасын білдіреді, олар сары түсті тұтқыр сұйықтық күйінде болып келеді. Майлардың ерігіштік қабілеті химиялық құрамына, оның ішінде парафинді және ароматты көмірсутектердің қатынасына байланысты. Парафинді көмірсутектер асфальтендердің ерігіштігі мен ісінуін нашарлатады, бұл битумның біртектілігін бұзуға әкеліп соғады. Ароматикалық көмірсутектер асфальтендерге ерігіштік әсер етеді, полярлықты сақтайды, битумның адгезиялық қасиетін және оның жылуға төзімділігін, атмосфералық факторларға әсерін жоғарылатады. Майлар битумдардың қаттылығын, сыну температурасын және жұмсару температурасын төмендетеді, олардың қозғалғыштығын, аққыштығы және тұтану температурасымен сипатталатын булануын жоғарылатады ол 220-240°С-тан төмен болмауы керек, басқалай жағдайда битум өртке қауіпті қасиеттеріне ие болуы мүмкін.

Шайырлар битумда қаттылықты, иілімділікті және созылғыштықты тасымалдаушы болып табылады. Бұл қызғылт-қоңыр түсті қатты зат. Шайырлар битумның маңызды құрамдас бөлігі, олардың мөлшеріне байланысты технологиялық және пайдалану қасиеттері өзгереді. Шайырлар алифаттық құрылымдармен байланыстырылған ароматты, нафтенді және гетероциклді құрылымдардың бес-алты сақинасы бар жүйелер. Олар тұтқыр, қозғалғыштығы төмен сұйықтықтар немесе тығыздығы бірден жоғары немесе бірге тең аморфты қатты заттар болып табылады. Шайырдың құрамына көміртегі (79-87%) және сутегіден (салмағы бойынша 8,5-9,5%) басқа, азот (салмағы бойынша 2% дейін), оттегі (1-10%) және күкірт (1-10%) кіреді.

Асфальтендер битумның дисперсті фазасы және битумның құрылымын құрайтын компоненті болып саналады. Олар кристал тәрізді және аморфты құрылымды қара түсті, тығыздығы бірден жоғары, қатты зат түрінде болады. Температураны шамамен 300°С-қа жоғарылатқанда асфальтендер иілімді күйге өтеді, ал температураны одан ары жоғарылатқанда газ тәрізді және сұйық заттар мен кокстың бөлінуімен деструкция жүреді. Асфальтендер жоғарыконденсирленген гетероциклды қосылыс және кеңістіктік құрылымын түзгенге дейін цикликалық қосылыстардың нығыздау өнімдері және битумның жоғарымолекулалы қосылыстары болып табылады. Асфальтендердің химиялық құрамы оның құрылымының күрделі болуынан жеткіліксіз зерттелген.

Асфальтогенді қышқылдар мен олардың ангидридтері – қоңыр- сұр түсті, қою шайырлы консистенция. Олардың мөлшері битумның минералды материалдарға, әсіресе негізгі және карбонатты жыныстарға жабысу қарқынын


анықтайды, битумның коллоидтық құрылымын тұрақтандырады. Карбендер мен карбоидтар мұнай және оның қалдықтарын жоғары температурада өңделген көміртекті өнімдері (крекинг- битум өнімдері). Карбендер мен карбоидтердің мөлшерін жоғарылату битумның тұтқырлығы мен сынуын арттырады.

Барлық осы қосылыстар мен компоненттер бір-бірімен өзара әрекеттестікте болады. Физикалық молекулааралық өзара әсерлесулер битумды құрылымды байланыстырылған дисперсті жүйеге айналдырады, оның қасиеттері дисперсті фазаның (бірінші кезекте асфальт үсті құрылымдары) бөлшектерінің өлшеміне және оның көлемдік құрамына көп байланысты болады. Битумның коллоидтық құрылымындағы осы бөлшектердің мөлшерінің өзгеруі оның қасиеттерін, сондай-ақ оның негізіндегі материалдардың қасиеттерін өзгертеді. Битумның құрамы мен коллоидтық құрылымы оның пенетрациясы (немесе иненің ену тереңдігі), созылғыштығы (созылу), жұмсару мен сыну температуралары және т.б. стандартты сапа көрсеткіштерімен сипатталатын эксплуатациялық техникалық қасиеттерін анықтайды. Битумның сапасын қамтамасыз ету құрамындағы көмірсутектер мен қосылыстардың құрамы мен құрылымы, сондай-ақ олардың қатынасы маңызды роль атқарады.

Битумдардың құрылымы жайындағы түсінік үнемі даму үстінде. Битум құрылымының теориясы битумды кеңістіктік дисперсиялық жүйе ретінде қарастырады, оның қасиеттері үш негізгі компоненттің - майлар, шайырлар және асфальтендердің өзара қатынастары мен молекулалық өзара әрекеттесуіне байланысты. Сонымен қатар, битумның ортасына байланысты болатын асфальтендердің концентрациясы мен олардың құрылымдық күйі байланыстырғыштың құрылымын тұтастай қалыптастыру факторы болып табылады [3,б.30-31,12-13].

Шайырлар, майлар мен асфальтендер битумдардың жоғарымолекулалық қосылыстары ретінде физикалық молекулааралық әсерлесулердің әсерінен дисперсті жүйелерде түзеді, біріншілік құрылымдық бірлігі болып ассоциаттары сольватты қабыршықпен қоршалған күрделі құрылымдық бірліктер саналады. Молекулалардың өзара әрекеттесуінде ван дер Вальс күштері жатыр, олар тартылыс және тербеліс күштері балансымен негізделген. Сыртқы факторлардың әсерінен ядро мен адсорбциялық-сольватты қабаттың күрделі құрылымдық бірліктерінің мөлшері өзгеруі мүмкін.

Дисперсті фаза бөлшектерінің өзара әрекеттесу дәрежесіне сәйкес, битум құрылымы келесі түрлерге бөлінеді: гель (I түр), золь-гель (III түр) және золь (II түр). 1 суретке сәйкес битумның құрылымдық түрлерінің қалыптасуы көрсетілген.



Сурет 1 - Битумдардың құрылымды түзу қисықтары

Битумдар ауыр тұтқыр майдағы мицелла дисперсиясын көрсетеді. Мицеллалар майды өздерінің жазықтығы мен ішкі қабаттары арқылы сорбциялайтын, жоғарымолекулалы көмірсутектер агрегаттарынан тұрады. Егер мицеллалар пептизацияланған және майда еркін жүре алатын болса, онда жүйе золь болып табылады және тұтқыр ағын мен мицеллалар ішіндегі серпімділікті 2а суретке сәйкес анықтайды. Егер мицеллалар арасында тартылыс күштері болса, онда мицеллалар, жазықтықтары тұтқыр сұйықпен толтырылған, гелдің дұрыс емес құрылымдық торын 2б суретке сәйкес түзеді.

1.1.2 Мұнай битумын өндірудің технологиясы

Жол құрылысы үшін сапалы битумды өндіру перспективті бағыт болып табылады. Мұнай битумдары көптоннажды және сонымен қатар тапшы мұнай өнімдерінің бірі болып саналады. Өңделген мұнайдың жалпы көлемінен битум өндірісінің үлесі 2,6% құрайды. Мұнай битумы өнеркәсіптің көптеген салаларында кеңінен қолданылады, сондықтан оларды өндіру маңызды экономикалық міндет және сапасын үнемі жақсаруды қажет етеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында жеңіл және ауыр мұнай фракцияларынан алынатын битумға деген салалардың сұранысы 500 мың тоннадан асады. Битуминозды жыныстардың кен орындарынан алынатын табиғи битум мен мұнай өңдеу кезінде алынған жасанды битум түрлері бар. Өндірілетін битумдардың барлық түрлерінен шамамен 70-80% жол битумы құрайды және жол құрылысында қолданылатын ең көп таралған материалдардың бірі болып саналады [12,б.101,13,б.70]. Олар жол құрылысында барлық жөндеу - құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған. Битумдар ауыр мұнай қалдықтарын – гудрондар, мазуттар, дезасфальтизациялау асфальттары, крекинг- қалдықтары, май фракцияларын селективті тазартудың экстракттарын өңдеу нәтижесінде өндіріледі.

ТМД елдерінде битум алу үшін бірқатар технологиялар қолданылады [1,б.220-221,12,б.107-108,14,15]. Бүгінгі таңда жол битумын өндіру технологиясының алты түрі бар:

1 Мазутты терең вакуумдық айдау технологиясы бойынша қалдық битумды өндіру. Бұл технология тек жоғарышайырлы, жоғарыкүкіртті мұнайларды өңдеу кезінде қолданылады. Технология қалдықсыз, жоюды немесе залалсыздандыруды қажет ететін зиянды шығарылымдар жоқ. Битумдар жоғары созылғыштықпен сипатталады, жол құрылысында қолданылатын минералды материалдармен жақсы араласады, термототықтырумен ескіру процесіне жоғары төзімділікпен ерекшеленеді.

2 Тотықсыздандырылмаған компаундирленген битум өндірісі. Гудронды пропан-бутанды еріткішімен деасфальтизацияға ұшыратады. Асфальттың жұмсару температурасы 60-70°C және оны мұнай қалдықтарымен араластыру жолымен битумдарды өндіруге негіз болып табылады. Компаундирлеуді 170°C температурасында дайын болған битумды механикалық араластыру арқылы жүзеге асырады. Бұл технология жоғарыпарафинді немесе үйреншікті технология бойынша битумды алуға жарамсыз мұнайлардан да жоғары сапалы битум шығаруға мүмкіндік береді.

3 Тотықтырылған битумдарды мұнай өңдеудің ауыр қалдықтарын, негізінен, 450-500°C жоғары температурада қайнатылатын, немесе мұнай өңдеудің басқа ауыр жартылай өнімдерімен яғни әртүрлі экстрактілермен, шайырлармен немесе оттегімен 250-280°C-та ауамен тотықтыру арқылы өндіру. Гудронды тотықтыру процесі, экзотермиялық процесс және реакция аймағындағы температураны едәуір жоғарылататын жылу бөлумен жүреді. Тотықтырылған битумдарды өндіру тотықтырғыш-реакциялық аппараттардың түрі бойынша жіктеледі. Гудронды ауамен байланыстыру нәтижесінде мұнай

битумдарының түрлі маркалары алынумен гудронды тотықтыру процесі жүргізіледі.

4 Сапасы жақсартылған компаундирленген битум өндірісі: қайта тотығу→араластыру технологиясы бойынша жүргізіледі. Мұнда гудронды құрылыс битумына дейін тотықтырады және ары қарай бұл битумды қалған қалдықтармен, тұтқырлығы жоғары гудронмен компаундирлейді.

5 Элементарлы күкіртпен модифицирленген мұнай қалдықтарынан битум өндіру. Күкірттелген битумды алу технологиясы битумды шикізат құрамына элементарлы күкіртті енгізуден және модифицирленген шикізатты одан әрі тотықтырудан тұрады.

6 Битумдарды: висбрекинг → вакуумдық айдау → тұрақтандыру технологиясы бойынша алу. Бұл кезде битум жоғары адгезиялық сипаттамаларға, созылғыштыққа ие болады.

Пайдалану салалары бойынша битумдар жол, құрылыс, шатырлы, оқшаулағыш, арнайы мақсаттағы және т.б. болып жіктеледі:

- жол битумы ең көп көлемде шығарылады (70-80%), жол жөндеу жұмыстары мен құрылыс жұмыстарының барлық негізгі түрлерін өндіруге, сондай-ақ сұйық - жол жұмыстарының маусымын ұзартуға арналған;

- шатырды дайындау және әртүрлі шатыр материалдарын өндіру үшін пайдаланылатын шатырлы битумдар. Олар сіңіретін және жапқыштар болып бөлінеді.

- құрылыс битумдары әр түрлі жөндеу - құрылыс жұмыстарын орындау кезінде, оның ішінде ғимараттардың фундаменттерін гидрооқшаулау үшін қолданылады;

- коррозиядан және басқа зиянды факторлардан қорғау үшін құбырларды оқшаулау үшін пайдаланылатын оқшауланған битум;

- арнайы битумдар лакбою, шина және электротехника өнеркәсібінде пайдалануға арналған;

- резина техникалық және шина өнеркәсібіне арналған битумдар – балқуы жоғары жұмсартқыштар (рубакстар).

Жоғарыда аталған жол битумдарын өндірудің көрсетілген түрлері бойынша біздің елімізде, тотықтырылған битумдар,

Байланыстырғыш жол битумдары-қалдық өнімдер алынған жартылай қатты және сұйық консистенциясы мұнай өңдеу және ауыр мұнай өнімдерінің крекингі. Жоғары шайырлы ауыр мұнай - табиғи сұйық битумдар қатарына жатқызуға болады.

Мұндай битумдарды пайдалану жоғары температуралы процестерді болдырмауға, минералдық материалдарды өндеудің түрлі тәсілдерін пайдалануға және құрылыс жұмыстарының маусымын ұзартуға мүмкіндік береді.

Ауа оттегінің, күн сәулесінің, тас материалмен немесе топырақпен адсорбцияның және басқа да факторлардың әсерінен уақыт өте келе сұйық битумдарды қамтитын жол жабындысынан төмен қайнайтын фракциялар буланады және нығыздалады. Автомобиль жолдарын пайдалану практикасы

жол төсемдерінің пайдалану тиімділігін айтарлықтай дәрежеде битум қасиеттерімен анықталатынын көрсетеді.

Асфальтбетонды жабынның құрамындағы битум жұмысының ұзақ мерзімділігі, ең алдымен, оның жоғары төмен температуралы, пластикалық және адгезиялық қасиеттерімен байланысты [6].

Бұл битумдармен оларды қолданудың үш негізгі міндеттерін орындауды сенімді қамтамасыз етуі тиіс: минералдық материалдың бөлшектерін өзара жабысуы, пайда болатын температуралық және деформациялық кернеулерді релаксацияу және минералдық материалдың бөлшектерін біркелкі сулау және қаптау үшін 130-160°C температура кезінде тұтқырлықты төмендету.

1.1.3 Полимерлік қалдықтармен мұнай битумын модификациялау

Егер біз өндірісті салмақ бірлігімен емес, көлемі бойынша санайтын болсақ, қазіргі уақытта адамзат шойын, болат, метал және түсті металдарды барлығын қалай өндіретін болса полимерлерді дәл сол көлемде өндіреді [3,б.-41]

Әдеби деректерге сүйенетін болсақ [3,б.43-44,11,б.100-102,12,б.111-112,13,б.85-86,14,б.35-36,15,б.89-90,16-29] жол қаптамалары құрылымдарында қолданылған кезде кәдімгі битумға қарағанда полимерлі-битумды байланыстырғыштарының артықшылықтарын көрсетеді. Полимерлі-битумды композициялар беріктігі, жарылуға төзімділігі, жылжу тұрақтылығы, жылу - мен аязға төзімділігі, мерзімінен бұрын ескіруге қарсылығы мен қызмет ету мерзімінің ұзақтығы тұрғысынан әлдеқанда сапалы болып табылады.

Дегенмен, барлық осы артықшылықтар қолданыстағы битумдарды алуға қарағанда полимерлі-битумды композицияларды дайындаудың технологиялық процестерінің күрделенуін талап етеді, барлық технологиялық процестерді жүргізуге қажетті энергия ресурстарының қосымша шығыны, бұл кезде полимерлер құнының жоғарылауы полимерлі-битумды байланыстырғыштар құнының қымбаттауына алып келеді. Кәдімгі битумдарды ПББ ауыстыру жол қаптамаларының конструкциясында жолдардың жөндеу аралық мерзімін ұзартуға алып келеді, және соған сай оның жөндеу көлемдері азаяды, ол осы шығындардың компенсациясын өтейтін болады. Сонымен қатар, битумға жақсы қасиеттермен сипатталатын құны арзан полимерлі қалдықтарды тікелей енгізу перспективті болып отыр, олар қасиеттерін жақсартып битумды байланыстырғыштармен жақсы араласады. Осындай полимер ретінде полимерлі қалдықтарды қолдануға болады.

Модифицирленген битумдарды өндіру экономикалық жағынан мақсатты болу үшін мұнай өңдеу және мұнайхимиясы өндірістерінің әлдеқайда арзан өнімдері негізінде синтезделген полимерлі қосымшалар қолданылуы мүмкін [28,б.69-70,29,б.27-28,30-34].

Қоғам дамуының заманауи кезеңінің ең өзекті мәселелерінің бірі өнеркәсіптік өндіріс пен тұтыну үрдісінде қалыптасқан ең ұтымды қалдықтарды басқару жолдарын, сондай-ақ мерзімінен бұрын тұтыну қасиеттерін жоғалтқан тауарларды іздестіру болып табылады.

Қазіргі уақытта битумды полимерлі қалдықтармен модификациялау саласында көптеген зерттеулер жүргізіліп жатыр. Бұл органикалық байланыстырғыш материалдардың құрылымды-механикалық сипаттамаларын жақсарту мәселелерін шешу арқылы, екіншілік полимерлі шикізаттың қорын өңдеуге бағытталған тиімді бағыт болып табылады.

Полиэтилен -термопластты полимерлі модификатордан полиэтиленді (ПЭ) атауға болады. ПЭ - жоғары молекулалы термопластикалы этилен полимері. Оның полимерлік қалдықтардағы үлесі ең маңызды болып табылады. ПЭ түйіршіктер, кейбір кезде ұнтақ түрінде өндіріледі. ПЭ-нің химиялық формуласы: $(C_2H_4)_n$ Технологиялық тәртіптерге байланысты тығыздығы төмен және жоғары полиэтилен болып бөлінеді [35-42].

Жоғары тығыздықты полиэтилен (ТЖПЭ) катализаторлардың қатысуымен 0,4-тен 4,0 МПа-ға дейін қысымда 80°C температурасында ион-үйлестіру механизмімен полимерлеу арқылы алынады. Кристалдығының жоғары деңгейде болуы арқасында ТЖПЭ жоғары беріктік қасиеттеріне ие: жылуға төзімділігі, қатандығы мен қаттылығы. Аязға өте төзімді, химиялық және радиациялық тұрақты. Полимердің маркасына қарай молекулалық массасы 700-800000, тығыздығы 945-955 кг/м³, созылу кезіндегі беріктік шегі 22-45 МПа, созылу кезіндегі салыстырмаы ұзаруы 200-800% құрайды. ТЖПЭ аязға төзімділігі -60°C дейін жетеді, балқу температурасы 120-125°C, бұзылу температурасы 320°C [43-46]. ТЖПЭ контейнер ыдыстарды, құбырларды, бағдарланған таспаларды және техникалық мақсаттағы әртүрлі бұйымдарды өндіру кезінде қолданылады.

Төмен тығыздықты полиэтилен (ТТПЭ) оттегі мен пероксидті қосылыстардың инициаторлары қатысуымен 150-300 МПа және 200-300°C температурасында радикалды полимерлеу арқылы алынады. Полимер маркасына байланысты молекулалық массасы 18000-35000, тығыздығы 915-935 кг/м³, созылу кезіндегі беріктік шегі 12-16 МПа, созылу кезіндегі салыстырмалы ұзаруы 150-600% құрайды. ТТПЭ төмен температурада созылмалдылықты сақтайды, аязға төзімділігі -70°C жетеді, балқу температурасы 108-110°C, бұзылу температурасы 320°C құрайды [43,б.31-32,44,б.36-37,45,б.55-56,46,б.85-86]. Бұл жалпы техникалық мақсаттарға арналған термопласт. Салыстырмалы түрде құнының төмендігі контейнерлер мен мәдени, тұрмыстық және медициналық мақсаттар үшін бұйымдар дайындауға пайдалануға мүмкіндік береді. Өндірілген ТТПЭ өнімінің жартысынан көбі қаптама қабыршақтары және ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне өңделеді. Қабыршақ эксплуатациялау процесі кезінде механикалық және физикалық әсерге, ескіруді тудыратын термиялық және фото-тотықтыруға ұшырайды. Ескіру процесі кезінде химиялық құрылымы және физика-механикалық қасиеттері өзгереді.

Әдетте, ТЖПЭ түйіршіктеу және үлпектеу арқылы қайта өңделеді. Қоспалар жуылады, содан кейін үлпектер флотация резервуарындағы басқа полимерлі компоненттерден бөлінеді. Бөлудің құндылығына байланысты боялған ТЖПЭ көбінесе алынып тасталмайды және өңдеудің соңғы өнімі ашық түсті болады.

ТТПЭ де ТЖПЭ сияқты терең өңделмейді; екіншілік өңдеуден кейін, одан термошөгілетін қабыршақ жасалады. Қайта өңделген ТТПЭ түйіршіктері басқа полимерлі материалдармен араластырады. 3 суретке сәйкес көрсетілгендей ТТПЭ қайта өңдеу кезінде маңызды мәселе болып қоспа химикаттарын шығару болып табылады, бірақ қазіргі заманғы технологиялар оған оңтайлы мүмкіндік береді.



Сурет 3 - Тығыздығы төмен полиэтилен

Екіншілік полимерлі материалдарды қолдануда олардың реологиялық сипаттамалары маңызды рөл атқарады. Төмен шиеленіс кернеулерінде, бастапқы ПЭ-нен айырмашылығы, екіншілік ПЭ төмен аққыштығын көрсетеді, бұл кернеулердің артуымен артып, екіншілік ПЭ үшін аққыштың өсу қарқыны бастапқы ПЭ-ге қарағанда жоғары. Бұл екіншілік полимерде гельдік фракцияның болуымен байланысты. Екіншілік ПЭ үшін, балқудың беріктігінің төмендігі мен аз салыстырмалы ұзаруы сипатты. Алайда температура мен өңдеу кезінде ығысу кернеуін өзгерте отырып аққыштығын бақылауға болады.

Ла Мантия Ф. [3,б.52-53,47-51] зерттеулерінде ауылшаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын қабыршақтары мен қаптама қабыршақтарынан алынған екіншілік ТТПЭ физика-механикалық қасиеттерінің айырмашылығы келтірілген. Бастапқы полимер екі жағдайда да бірдей ТТПЭ болды. Пайдаланылған қабыршақтар қайта өңдеудің бірдей циклінен өтті. Жылыжай қабыршағы Оңтүстік Сицилияда бір жыл жұмыс істеді. 1-кестеде қаптама қабыршақтары мен жылыжай қабыршақтарынан алынған ТТПЭ үлгілерінің кейбір қасиеттері көрсетілген.

Кесте 1 - Бастапқы және екіншілік ПЭ физика-механикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	ТТПЭ шикізат	ТТПЭ (қапталған қабыршақтан)	ТТПЭ (жылыжай қабыршағы)
Еріткіш ағынының көрсеткіші, г/10 мин	0,295	0,316	0,451
Созылу кезіндегі беріктік, МПа	15,2	13,4	11,5
Үзілу кезіндегі салыстырмалы ұзаруы, %	577	550	423
Үзілу энергиясы, Дж	9,1	8,6	6,6

Бонченко Г.А. [52], жол битумдарын екіншілік ТЖПЭ және ТТПЭ модификациялау бойынша тәжірибелік зерттеулер жүргізді. Адын-ала олардың химиялық және физика-механикалық қасиеттері зерттелді. 2-кестеде зерттеу нәтижелері келтірілген.

Кесте 2 - Бастапқы және екіншілік ПЭ физика-механикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	Бастапқы ПЭ		Екіншілік ПЭ	
	ТТПЭ	ТЖПЭ	ТТПЭ	ТЖПЭ
Созылу кезіндегі беріктік шегі, МПа	16	22-45	8,8-10	14-29
Үзілу кезіндегі салыстырмалы ұзаруы, %	600-800	300-500	170-220	100-250
Аязға төзімділігі, °С	-70 және төмен		-40...-50	-30...-40

Зерттеулер нәтижелері бойынша полиэтиленді қалдықтар жоғары беріктік және деформациялық қасиеттерін сақтайды. Екіншілік полиэтиленнің механикалық қасиеттері бастапқы полиэтиленнің құрылымына ұқсас және ол битумдарға модифицирлеуші қосымша ретінде қолданылуы мүмкін.

Жоюға жіберлетін екіншілік ПЭ өндірістің немесе өндірістік тұтынудың қалдығы түрінде қолдану мақсатында модификациялау үшін оны өңдеу керек. Төменгі сонымен қатар жоғары тығыздықты екіншілік полиэтиленді ұнтақ, агломерат, ұлпек және кішкентай шыбықтар түрінде қолдану ұсынылады.

Екіншілік ТТПЭ модифицирленген битумның қасиеттері зерттелген болатын. Екіншілік ТТПЭ масса бойынша 10-50% мөлшерімен маркасы БНД 60/90 балқытылған битумға 160⁰С-та енгізілді, одан кейін қоспаны 270-290⁰С дейін қыздырады [52,б.35-36,53-56]. Температураның жоғарылауы компоненттердің өзара араласуын белсендіреді және жаңа құрылымдарды қалыптастыруға септігін тигізеді. Жоғарытемпературалы гомогенизациялау ПЭ мен битум макромолекулаларының шамалы бөлшектенуімен және бос-радикал валенттіліктер түзілуімен сипатталады, нәтижесінде ПЭ мен битум молекуласы фрагменттері өзара араласады. Битумның нафтен компоненттерінің полимерлі матрицамен химиялық өзара әрекеттесуі жүзеге асады. Полярлы емес құрылымды- тұтқыр ПЭ-мен полярлы және аморфты битумның берік

араласуымен жаңа құрылым түзіледі. Авторлардың зерттеуі бойынша [56,б.88-90] жол битумының құрамына екіншілік ТПЭ және ТЖПЭ енгізу арқылы жақсартылған құрылымдық қасиеттерімен байланыстырғыш алуға болады, ол созылмалдылықпен сипатталады, жұмсару температурасы жоғары, полимерасфальтты бетондардың цикликалық шаршауын бірқалыпты және төмен температураларда төмендетеді және бастапқы жол битумымен БНД 60/90 салыстырғанда жоғары адгезиялық қасиеттерімен сипатталады. Полимерлі-битум композиция құрамына келесілер кіреді масс. %:

- БНД 60/90 - 95.5-97.7 тұтқыр мұнай жол битумы;

- екіншілік ПЭ - 2,0-4,0;

- катионды реагент КАДЭМ-ВТ (жоғары температуралы катионды адгезив-эмульгатор) - 0,3-0,5%.

КАДЭМ-ВТ беттік-белсенді заттың қатысуымен екіншілік ПЭ битумға біркелкі үлестіріледі, адгезия қасиеттері жақсартылған гомогенді иілімді – созылмалды байланыстырғыш түзеді. ПББ-нің жұмсару температурасы 6-8°C -қа дейін көтеріледі, созылмалдылық қасиеттері 84-94% жетеді, бұл қасиет бастапқы битумда жоқ, адгезиялық қоспаны енгізу есебінен байланыстырғыш қышқылдық жыныстар минералды материалдарымен көп жанасуға ие болады.

Авторлар жұмысында [66] мұнай жол, шатырлы және оқшауланған битумдардың модификаторы ретінде төмен молекулалы полиэтиленді (ТПЭ), жанама және рентабельділігі төмен өндірілетін жоғары тығыздықты полиэтиленді қолдану зерттелген [57-65,66,б.15-16].

Салмағы бойынша 0,5-2,0% мөлшердегі полимерлі қоспаларды тотықтыру процесі кезінде битум-гудрон алу үшін шикізатқа енгізілді. Одан кейін ТМПЭ терең тотыққан битуммен модификациялау процестері және модифицирленген терең тотыққан битум мен гудрон негізінде БНД 90/130 маркалы компаундирленген битумды алу процесі зерттелді.

Жұмсару температурасы 43-44°C құрайтын битумдардың үлгілерін зерттеген кезде, ТМПЭ модификатор ретінде шамалы концентрациялары битум құрылымына жұмсартқыш ретінде әсер етеді. Қоспа алынған байланыстырғыштардың ТМПЭ кейбір қасиеттеріне ғана оң әсерін тигізеді, битумның дисперсті ортасында тарала отырып, иілімділігін және битумның кеңістіктік дисперсті құрылымының қозғалмалдылығын жоғарылатады.

ТПЭ қалыпты жағдайда битумның дисперсті құрылымына әсер ете алмайды және химиялық байланыстырушы қосылыс ретінде диэтанолламин қолданылған. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, ТМПЭ және диэтанолламин негізіндегі қоспалар битумдарды модификациялау кезінде байланыстырғыштардың құрылымын түзеді және жұмсартуы мүмкін.

ТПЭ мұнай битумының модификаторы ретінде пайдалану туралы авторлардың зерттеулерінде [67-71] ТМПЭ-ді пайдаланудың мақсаттылығы модифицирленген битумның өзіндік құнының артуын көрсетті. Дегенмен, модифицирленген жол битумының құнының 10-20% -ға артуы битумды өнімді сатудан пайда 1,2-1,5 есе өсуіне септігін тигізеді.

Атактикалық полипропилен - полимерлі модификаторлар ретінде, полимер өндірісінің қалдықтары, атактикалық полипропилен (АПП) кеңінен қолданылады. Бұл изотактикалық полипропиленді өндіруде қосалқы өнім болып табылады, іс жүзінде бұл талап етілетін сапаны қанағаттандырмайтын өндіріс қалдықтары. Ерекше қызығушылықты тотықтырылған атактикалық полипропилен (ТАПП) тудырады. Ол байланыстырғыш құрылымының тұрақтандырғышы және ОАПП қосымшаларымен модифицирленген битумның ескіру процестеріне сезімталдығы төмен және жақсартылған қасиеттерге ие [72].

Әдебие мәліметтерге сәйкес [72,б.12-13] бастапқы АПП битуммен 180-200°C температурасында араласады, ал тотықтырылған АПП 120-130°C температурасында жол битумында толықтай ериді, ол жұмыс істеп тұрған асфальтты бетон зауыттарында ПББ дайындау кезінде қондырғылардың технологиялық тәртібін өзгертпей пайдалануға мүмкіндік береді.

Битумды ТАПП модификациялау туралы зерттеулер жүргізілді. Массасының 2-% мөлшеріндегі ТАПП қоспасы бар ПББ қышқыл толықтырғыштармен -15-тен 45%-ке дейін, базалық минералды толықтырғыштармен - 45-тен 70%-ға дейін жоғарылатылған үйлесуімен сипатталады [70,б.125-126,74] Ұсынылған ПББ бірге алынған асфальттыбетонды қоспалар БНД 90/130 бастапқы битуммен салыстырғанда, суда қанығуы мен суда ісінуі төмен 1,5-1,6 есе аз, 20 және 50°C-та сығылуға қарсы жоғарылатылған беріктік шегіне ие, температураға сезімталдық (25% төмендеген) коэффициенті төмен, суға жоғары төзімділік коэффициентімен сипатталады.

Полиэтилентерефталат-полимерлі қалдықтардың кең таралған түрі полиэтилентерефталат (ПЭТФ) қалдықтары болып табылады. ПЭТФ негізгі қолданысы сусындар, майлар, шырындар және т.б. қаптауға арналған пластикалы бөтелкелерді дайындаумен байланысқан [75].

Пластикалық қалдықтарды тастау қоршаған ортаға жағымсыз зиян келтіреді. Сондықтан пластикалық тараларды қайта өңдеп кәдеге жарату қазіргі заманғы міндеттердің бірі болып табылады.

Битумға ПЭТФ енгізу процесі басқа полимерлерге қарағанда механизмі өзгеше. ПЭТФ балқу температурасы 255-265°C құрайды. Авторлардың ғылыми жұмыстарында [74,б.88-89,75,б.95-96,76] ПЭТФ қалдықтары (пластикалық бөтелкелер) алдын- ала дайындаудан өтеді. ПЭТФ 260-280°C температурада термиялық түрде құрылымы өзгереді. Құрылымының өзгеруі статистикалық түрде полимер тізбегі бойында өтеді. Негізгі ұшпалы өнімдерге- терефтал қышқылы, сірке алдегиді және көміртек монототығы жатады. Содан кейін ол салқындатылады және ұнтаққа айналғанша майдалайды. Битумды полиэтилентерефталаттың майдаланған екіншілік қалдықтарымен алдын- ала араластыру арқылы жол қоспасы алынады. 150°C дейін қыздырылған алынған қоспа, 175°C дейін қызған минералды толықтырғышқа енгізіледі. Қоспа араластырғышта механикаландырылған тәсілмен 140-160°C температурада араластырылады.

Полиэтилентерефталатты енгізу битумның физика-механикалық қасиеттерін жоғарылатуға, битумның минералды компоненттермен адгезиясын жақсартуға және оның шығынын едәуір төмендетуге, сонымен қатар бұл әдіс ірі тоннажды тұрмыстық қалдықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Полистирол - полистирол қалдықтары мұнай битумымен жақсы араласады. Полистирол өндірісінің жанама өнімі - полистирол шаңы. 3% мөлшерінде битумға енгізілген кезде, битумның тұтқырлығы, жұмсару температурасы, 0°C-та созылғыштығы артады [76,б.8-9,77]. Бұл кезде, оларды құрғақ күйде қолдану тиімсіз, себебі битумдағы қоспаларды еріту үшін 5 сағаттан артық уақыт қажет.

СРКҚ (стиролды ректификациялаудың кубты қалдығы) ерітіндісінде полистиролдың қалдықтарын, стиролды өндірудің жанама өнімдерінің қоспасын қолданған дұрыс. БНД 40/60 битумына 5-15% СРКҚ (стиролды ректификациялаудың кубты қалдығы) қоспасын қосу, ары қарай қыздыру кезінде байланыстырғыштың созылғыштығының 0°C-та жоғарылауына әкеледі, жұмсару температурасын арттырады, сыну температурасын, пенетрациясын төмендетеді [78].

Поливинилбутираль - әдеби мәліметтерге сүйенсек [78,б.44-45,79], битум модификаторы ретінде өндірістік қалдықтардан алынған поливинилбутиральды қолдану керектігін көрсетеді. Оның салмағы бойынша 0,7-1,0% масс.мөлшерінде енгізу, құрылымды полимерлі қоспасы бола отырып, жұмсару температурасының шамалы өсуіне әкеледі, пенетрация көрсеткішін азайтады, бірақ модифицирленген битумдардың адгезиялық қасиеттерін едәуір арттырады.

Соңғы уақытта тағы бір модификатор ретінде қайта өңделген автомобиль шиналарының резеңке ұнтақтарын жиі пайдаланады. Соңғы жылдары резеңке ұнтағымен модификацияланған битумды пайдалану осы технологияның экологиялық аспектісі өте маңызды болып табылатын дамыған елдерде кеңінен қолданылуда, атап айтқанда, автокөлік құралдарының ескі шиналарын кәдеге жарату кезінде байқалады. Бірақ, бұл модификаторларды қосымша зерттеу және өндіріс технологиясын жетілдіру және әртүрлі мақсаттарда қолдану үшін үнемі ұлғайтуға мүмкіндік беріп қана қоймай, нәтижесінде оны дәстүрлі полимерлі-модификацияланған битуммен жақындастыра отырып, резеңке ұнтағымен модификацияланған битум байланыстырғыштың жұмысын жақсартуға мүмкіндік берді [79,б.45-46,80-82].

1.1.4 Полимер-битум органикалық байланыстырғыштарды модификациялау процесінде пластификаторды пайдалану

Полимердің битум көлемінде максималды тиімділігін қамтамасыз ету және полимердің минималды мөлшерімен кеңістіктік құрылымдық торды құру үшін, ПББ компоненттерінің бірі ретінде пластификатор алынды [83-87]. Пластификаторлар ретінде И-20А, И-30А, И-40А, И-50А маркалы индустриялық майларын қолдану ұсынылады. Пластификаторды енгізу полимерлердің битумда еру процесін жылдамдатуға, жүйенің біртектілігін арттыруға, сондай-ақ қажетті температурасын төмендетуге мүмкіндік береді,

араластыру кезінде қажетті температура тәртібін қамтамасыз ету үшін, шамамен 160°C, полимер-битум байланыстырғыштың дайындау құнын төмендету үшін полимерлік қалдықтың минималды мөлшерімен қажетті сыну температурасымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Пластификаторды таңдағанда, бірнеше талаптарға мән бөлген жөн: тұтану температурасы 190°C аспау керек, парафин-нафтенді көмірсутектерінің мөлшері салмағы бойынша 70% жоғары болмау керек; битум мен полимер жақсы ерітуі тиіс.

ПББ пластификаторсыз немесе оның шамалы мөлшерімен ПББ-ды қолдану керек, бірақ ПББ-тың тұтқырлығы күрт артады, бұл полимерлі-асфальттыбетон қоспаларын ыңғайсыз және қолайсыз нығыздалатын етіп шығарады.

Пластификатор қатпарлану және ескіру кезінде көрінетін деструкция процестеріне негізгі үлес қосады, оны бағалау байланыстырғыш массасының және қызудан кейін жұмсарту температурасының өзгеруі бойынша жүргізілді. Сондықтан пластификаторларға қойылатын негізгі талаптардың бірі – композицияны пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін олардың көрсеткіштерін барынша ұзақ сақтау болып табылады.

1.2 Полимерлі қалдықтармен модифицирленген жол битумдар үшін органикалық байланыстырғыштарды құрастырудың заманауи жағдайы

Қазақстан жоғары сапалы битум өнімдерін өндіруге жарамды айтарлықтай қорларына ие. «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» сияқты көліктік жол жобаларды іске асыру жол битумын тұтынуды арттыруға алып келді. Кең көлемді аумақтарды алып жатқан Қазақстан жылына шамамен 700 мың тонна жол битумын жұмсайды. Сондықтан жоғары сапалы жол битумына деген сұраныс өте жоғары.

Жол қаптамаларын пайдалану ұзақтығы көбінесе битум қасиеттеріне байланысты. Жол қаптамаларының сапасы негізінен пайдаланылатын битумның сапасына ие болу қажет. Төзімді жол қаптамасының құрылысы үшін битум бірқатар қасиеттерге ие болу шарт. Жол қаптамаларына қойылатын ең маңызды талаптарына оның төзімділігі мен жарылуға тұрақтылығы жатады.

Әдебиет мәліметтеріне сәйкес [3,б.65-66,4,б.117-118,5,б.33-34,8,б.80-81], жол құрылысында органикалық байланыстырушы материал орындайтын негізгі үш міндет қарастырылған.

Битумдардың бірінші міндеті минералды материалдардың бөлшектерін бір-біріне біріктіру болып табылады. Бұл кезде битум пайдаланудың барлық мерзімінде су әсер еткенде тасты материалдарға жақса адгезиялы болуы қажет. Битумдардың тұтқырлығын арттыру минералды материалдардың бетіне адгезиясын жоғарылатады, бірақ сынғыштығы жоғары тұтқыр битумды пайдалану әрдайым мақсатты емес.

Битумның екінші міндеті – пайдалану мерзімінде жарықшақтарды, ығысу, үгітілуі, реңсізденуді болдырмау мақсатында температураның өзгеруінен және көліктердің қозғалысы мен бірденнен тоқтауынан пайда болатын күштерге релаксациялық қабілеттілігі болуы керек, себебі битум ескіруге бейім және уақыт өте сынғыш болып келеді.

Жүктемелердің көпреттік және динамикалық әсері мен температураның кернеуі жарықшақтардың пайда болу процесін жеделдетеді, бұдан әрі материалдың қалыңдығына судың сәл енуімен қаптамаларға температуралық сызаттар арқылы күшейе түседі. Бұл жолдың беткі қаптамасының бұзылуының және шағын нормативті емес қызмет ету мерзімінің негізгі себептері.

Демек жол битумында жарықшақтардың пайда болуы, жылуға төзімді емес және жеткілікті созылмалды емес, себебі талап етілетін сипаттамаларды қамтамасыз ету үшін, битум пайдаланудың барлық жағдайларында кері қайтымды деформацияға қабілетті болуы керек.

Битумның үшінші міндетіне, 130-160°C-қа дейін қыздырған кезде тұтқырлығы төмен сұйықтыққа айналуы, минералды материалдар бөлшектерінің жұқа қабатымен араласатын және қапталатын қабілеттілігі жатады.

Битум 160°C дейінгі температурада минералды материалдармен тез және жақсы араласады, жазықтықты жақсы қаптайды.

1.2.1 Шет елде және ҚР битум өндірісінің жағдайы

Әлемдік мұнай өңдеу өнімдерінің жалпы көлеміндегі мұнай битумының үлесі 3-4% құрайды. Бүгінгі күні битумға деген жалпы сұраныс жылына 102 млн. тоннаға бағаланады, оның 85% битумға деген сұраныс жол индустриясына тиесілі. Мұнай битумдарын жаһандық тұтыну құрылымында алғашқы үштікке келесі мемлекеттер енген Америка Құрама Штаттары (29,22%), Қытай (9,38%), Жапония (6,59%). Мұнай битумдары мұнай өңдеу өнімдері құрылыс индустриясында, әсіресе жол құрылысында кеңінен қолданылады. Қазіргі уақытта битумдар әлемнің 70-тен астам елінде өндіріледі, қуаттылығы жылына 110 млн. тоннаны құрайды [88, 89].

Ресей Федерациясының Сауда-өнеркәсіп палатасы мен АҚШ-тың Freedonia Group Inc. зерттеу компаниясы мәліметтері бойынша [90], құрылыс материалдары нарығы жыл сайын 22-27% -ға өседі және өсім 2015 жылға дейін болжамдалған. Сарапшылар болжамына сәйкес, әлемнің битумға деген сұраныс 2018 жылға қарай 112 млн. тоннаға жетеді, ал 2020 жылда 120 млн. тоннадан асады.

Негізгі битумды өндіру қуаттары АҚШ-та орналасқан, олар мұнай битумын шығару бойынша әлемде бірінші орынға ие. Дегенмен, битум өндірісі Орталық, Оңтүстік және Шығыс Азия елдерінде дамып келеді. Ресейдің және басқа да ТМД елдерінің (бұрынғы КСРО) үлесі битум өндірісінің көлемінде әлемдік өндірістік әлеуеттің 11,9% құрайды.

Битумның өндірістік әлеуетін дамыту бойынша, Ресей АҚШ-тан кейін әлемдегі дамыған мемлекеттер арасында (әлемдік өндірістің 6,7%) екінші орынға ие, алайда АҚШ-тың деңгейінен 3,2 есеге төмен (3-кесте) [91]. Ресейде бастапқы мұнай өңдеу қуатына қатысты мұнай битумдарын өндіру әлеуеті АҚШ-пен тең, Жапония, Франция, Ұлыбритания, Испания және Италия деңгейінен асып кетеді, бірақ Канада, Германия, Финляндия және Польша елдерінің әлеуетінен айтарлықтай төмен (3-кесте) [33,б.7-8]. Жол-құрылыс

жұмыстарының көлемінің өсуіне байланысты битумды қолдану алдағы уақытта ары қарай ұлғаяды.

Кесте 3 - Әлемнің ірі елдерінде және өңірлерінде битум алу үшін өндірістік әлеуетінің сипаттамасы

Мемлекет	Млн ж/т	Әлемдік потенциалдағы үлесі, %	Мұнай біріншілік өңдеуге, %
АҚШ	31,5	28,7	3,7
Канада	6,7	6,1	6,7
Жапония	7,3	6,7	3,1
Италия	0,9	0,8	0,7
Германия	4,7	4,3	4,0
Франция	3,0	2,7	3,0
Ұлыбритания	2,5	2,3	2,8
Испания	1,6	1,4	2,4
Нидерланды	0,9	0,8	1,4
Финляндия	0,8	0,7	5,8
Ресей	10,0	9,1	3,7
Бұрынғы КСРО елдері	3,0	2,8	2,2
Бразилия	1,8	1,6	1,9
Венесуэла	2,2	2,0	3,3
Иран	2,7	2,5	3,6
Египет	0,3	0,3	0,8
Оңтүстік Африка Республикасы	0,3	0,3	1,3
Румыния	0,8	0,7	3,3
Польша	1,1	1,0	5,8
Әлемдегі жиынтығы	109,6	100,0	2,7

Қазақстанның жол құрылысы компанияларының өз еліміздің битумымен қамтамасыз етілуі өте маңызды. Битумды материал асфальт-бетон қоспасының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, оның үстіне жолдың сапасы айтарлықтай дәрежеде байланысты болады. Жол-құрылыс жұмыстарының көлемі жылдан-жылға артып келуіне байланысты битумға деген сұраныс болашақта да арта түседі.

Ағымдағы жылы қолданыстағы отандық қуаттар республиканың жол-құрылыс саласын жылына 300 мың тонна жеке өндірген битуммен қамтамасыз етті және 200 мың тоннаға жуық үлесін «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПНХЗ) жеткізді. Битум өндірісінің қалған үлесін екі шағын зауыт: «Газпром нефть-Битум Қазақстан (Шымкент)» ЖШС және «Асфальт-бетон зауыты» ЖШС (Алматы) жүргізді.

Мысалы, 2013 жылы Қазақстан Республикасында 318 мың тонна битум өндірілді. Шын мәнінде, отандық экономиканың битумға деген жалпы сұранысы жылына жарты миллионнан астам тоннаны құрайды. Жетіспеген көлемін жол құрылысшылары шетелден сатып алуға мәжбір, көбіне ол Ресей Федерациясынан тасымалданады [92].

Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзитті жолды және басқа ірі автомагистралдарды қалпына келтіруге байланысты елді жеке өндірілетін битуммен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр.

Жол битумдарын отандық өндірушілерге - Павлодар мұнай-химия зауыты және «Асфальтбетон» АҚ жатады, олар өткен жылы сәйкесінше 10 мың тонна және 54 мың тонна өндірді. Қазақстанға битумның негізгі жеткізушісі - Ресей. Жыл сайын мұнда бір тонна құны 300 АҚШ доллар құрайтын, 300 мың тонна жол битумы импортталады. Алайда, Ресей битумының техникалық сипаттамалары және ТМД мемлекеттерінде өндірілген барлық битумдар Қазақстанның климаттық жағдайларына әрдайым сәйкес келе бермейді [93].

Сондықтан, бүгінгі күні Қазақстанның жол саласы алдында битум зауытының құрылысы мен жақсартылған қасиеттермен сипатталатын, біздің климатқа сипатты жоғары және төмен температураларға, сонымен қатар пайдалану кезінде ескіруге төзімді өз битумдарын өндіру өткір мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасының аумағына ҚР СТ 1373-2013 "Битумдар және битумды тұтқыр" және КО ТР 014/2011 "автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" стандарттары күшіне енгеннен кейін битумдар өндірісін, олардың сипаттамалары мен автомобиль жолдарының сапасын реттейтін, өндіруші компаниялар БНД 60/90 және БНД 90/130 маркаларының орнына келген БНД 100/130 және БНД 70/100 маркаларының битумдарын шығара бастады. Бұл стандарттар Қазақстан Республикасының климатының ерекшелігін ескере отырып, битумның сапасына қатысты.

Қазақстанның жол саласын дамыту бағдарламасы сапалық көрсеткіштерін арттырумен жол битумын тұтынудың айтарлықтай өсуін көздейді. Республикада ауыр жоғары күкіртті мұнайдың өзіндік айтарлықтай қоры бары бәрімізге белгілі. Отандық битум өндірісін дамыту үшін ҚР Көлік және коммуникация министрлігі Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігімен және «ҚазМұнайГаз» компаниясымен бірлесіп Қазақстандағы өндірілген мұнайды зерттеу жүргізілді. Өңдеу нәтижесі бойынша жол битумын өндіруге Маңғыстау облысының Қаражанбас кен орнында өндірілген мұнай жарамды болып отыр. Қаражанбас мұнайының 1 млн. тоннасын өңдеу нәтижесінде жылына 256 мың тонна жол битумын шығаруға болады, ол республиканың жол битумына ұзақ мерзімді сұранысының 40% -ын жабады. Ағымдағы жылы қолданыстағы отандық қуаттар жылына 300 мың тонна жол құрылысы битумын шығарады және 200 мың тоннаға жуық үлесін «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС жеткізді. Қалған битум өндірісін екі шағын зауыт: «Газпром нефть-битум Қазақстан (Шымкент)» ЖШС және «Асфальт-бетон зауыты» ЖШС (Алматы) жүргізді. Елді өз өндірісімен битуммен қамтамасыз ету мәселесі Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәлізін және басқа да ірі магистральдарды қалпына келтіруге байланысты өзекті мәселеге айналды.

Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуының қазіргі кезеңі мұнай өңдеу зауыттарына міндеттер қойып отыр, оның шешімі технологиялық даму мен экономикалық әлеуетінің көтерілуіне ықпал етуі тиіс [94].

1.2.2 Полимерлі-битумды байланыстырғыштар туралы негізгі мәліметтер

Битумның ескіруін тудыратын негізгі факторлардың бірі, битум компоненттерінің оттегімен және сумен өзара әрекеттесуі, су суда еритін қосылыстарды жууға қабілетті; температураның ауытқуы, температура тотықтыру процесін белсендіреді; битумның металорганикалық қосылыстарының минералды материалдар беттерінің каталитикалық әсері; инфрақызыл және ультракүлгін сәулелердің әсері; механикалық жүктемелер.

Битумның ескіруімен біз оның химиялық құрамы мен құрылымдық-механикалық қасиеттеріндегі қайтымды емес өзгерістердің жиынтығын түсінеміз, ол оны сақтау, технологиялық өңдеу және пайдалану процесінде пайда болады.

Асфальттыбетон қаптамалары құрамында битумның ескіруі оның эксплуатациялық сипаттамаларын жақсарту мүмкіндігі туралы мәселені тудырады. Жол битумдарының қасиеттерін жақсартудың ыңғайлы және тиімді тәсілі - органикалық байланыстырғыш материалдарға құрылымды полимерлі модификаторларды енгізу процесі мойындалған. Полимерлі-битумды байланыстырғыштар ауыр климаттық аймақтарда және жоғары, қарқынды жүк тасымалдарында жол қаптамаларының ұзақ мерзімді жұмысын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Қазақстанда полимерлі-битум байланыстырғышты өндіру басталды. 2015 жылы Маңғыстау облысында «CASPI BITUM» БК «Битум модификациясы» Ақтау битум зауыты пайдалануға берілді. Битум Қаражанбас кен орнынан алынған мұнайдан өндіріледі. Модификатор ретінде СБС түріндегі блоксополимерлер қолданылады. Зауыттың өнімділігі жылына 120 мың тонна модифицирленген битумды құрайды. Өндірілген полимерлі-битум байланыстырғыштары «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық автомагистралының құрылыс нысандарында және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерінде қолданылады.

Модифицирленген битумды мұнай жол битумының құрамына СБС полимерлі компонентін (модификаторды) енгізу жолымен алады. Полимердің енуімен жолдың жұмыс температурасының диапазонын 100 градус Цельсийге дейін арттырады, бұл әдеттегі битумға қарағанда айтарлықтай жоғары және оның тозуға төзімділігін арттырады.

ОҚО Төлеби ауданында орналасқан «Газпромнефть-Битум Қазақстан» жаңа зауыты Қазақстан нарығына үш марка 280 мың тонна битумын жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл жаңа технологиялық кешен, оның қуаты битум өнімдерінің кең асортиментін шығаруға мүмкіндік береді және автомобиль жолдарын салуға және реконструкциялауға қатысатын жол құрылыс компанияларын жоғары сапалы материалмен қамтамасыз етеді [95].

1.2.3 Төзімділігі жоғары жол битумы маркаларын өндірудің технологиялық әдістері

Қазіргі таңда битум өндірісі мұнай өңдеу өнеркәсібінің бағытты маңызды сегменті болып табылады. Басты фактор бұл мемлекеттің жол құрылысы саласына көп көңіл бөлуі. Қазіргі уақытта жолдар қорлары құрылуда, арнайы бағдарламалар жүзеге асырылуда, олардың аясында ірі жобалар жүзеге асырылуда. Автомобиль жолдарының негізгі тапсырыс беруші - ол мемлекет. Бұл кезде Федералдық жол агенттігі технологиялар арасындағы бәсекелестікті дамыта отырып жол құрылысы мәдениетін дамыту идеологы ретінде маңызды рөл атқарады. Ірі мұнай өңдеу зауыттары битумды материалдарды өндіруде озық әдістемелер мен материалдарды пайдалануға тырысады. Шетелдік битум нарығын дамытудан біз шамамен 20-30 жыл артта қалып отырмыз. Мысалы, Shell жол және мұнай өнеркәсібі арасындағы өзара үздік тәжірибесіне және олар битумның жай сатылымымен айналыспайды. Қуатты ғылыми және эксперименттік базаға ие бола отырып, компания жол пайдаланушыларға түрлі сыртқы мәселелерді шешу үшін, битумға ғана емес, сонымен қатар асфальттыбетонға жаңа рецептілер құрастырып ұсынады. Бүгінгі күні еліміздің битум өндірісі үшін ғылымды тарту және инновациялық материалдарды әзірлеу маңызды. Заманауи материалдарды құрастыру, эпизод қана емес, жалпы қазақстандық тенденцияның жүйесі болып отыр. Жаңа технологияларды дамыту - бұл болашақ, бірақ қазір бизнес негізі ретінде стандартты битум өндірісі болып табылады олар: жол, құрылыс, шатыр. Қазіргі уақытта жол битумдары Ресейде ГОСТ 22245-9 сияқты нормативтік құжаттарға сәйкес шығарылады (БН және БНД маркалары), ТШ 0256-096-00151807-97 (БДУС маркасы), ТШ 0256097-001518807-97 (БНН маркасы), ТШ 0256-001-5094, 5912-2002 (марка БНД-У маркасы), ТШ 38.40 11156-2003 (БДД маркасы). Негізі шикізатты тотықтырумен алынған БН және БНД битумдары әлемдік стандарттар талаптарына сәйкес келмейтінін атап өту керек, тотыққан битумды компаундирлеумен алынған битум мен битум өндірісінің шикізаты сапасы бойынша дүние жүзі стандарттары талабына жақын келеді, ал БНН (қалдық) маркалы битумы АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Австрия, Финляндия және Швеция елдерінің стандарттарына сәйкес келеді

Әр тұтынушыға қолайлы өнім шығаруға өте қиын, өйткені битум өндірісі төмен тоннажды болып саналады. ПББ дайындаудың екі тәсілі бар [5,б.49-50,32,б.29-30]:

1 Бірінші тәсіл бір сатылы. Белгіленген құрамы бойынша барлық компоненттер бір көлемде араласады. Егер ПББ құрамына пластификатор енетін болса, ол алдымен битумға енгізіледі, біртекті болғанға дейін араластырылады, содан кейін тұрақты араластыру арқылы полимерді ұнтақ немесе қиыршық түрінде қосады. Содан кейін, интенсивті араластыру 150-200°С температурада жүргізіледі.


2 Екінші тәсіл екі сатылы. Екінші тәсіл екі сатылы болып табылады. Алдынала пластификаторда полимер ерітіндісін (ПЕ) немесе полимердің битумқұрамды ерітіндісін (БРП) пластификатор мен битум қоспасында ПББ

құрамын таңдау кезінде орнатылған концентрацияда дайындайды. Содан кейін, алынған РП сусыздандырылған және қыздырылған битумға енгізіледі, содан кейін қоспасы біркелкі болғанша араластырады. Араластыру температурасы еріткіштің түріне байланысты.

Шет елде ПББ өндірісі үшін бір сатылы процесс қолданылады.

Полимер-битумды байланыстырғыштарды өндіру технологиясы саласындағы көшбасшылардың бірі итальяндық Massenza компаниясы болып табылады. Бұл компания ПББ алу үшін біржолалы және көп жолалы қондырғыларды шығарады [97].

Бір жолалы үздіксіз қондырғылар СБС полимер негізінде ПББ-ді өндіруге жарамды. Бұл қондырғылар негізінен асфальттыбетон зауыттарында қолданылады. 4 суретке сәйкес ПББ-ді бір жолалы нұсқада алудың технологиялық схемасы ұсынылған.



Сурет 4 - Бір жолалы қондырғыда ПББ алу технологиясының схемасы


Полимер-битумды байланыстырғыштар өндірісі үшін әртүрлі аппараттар қолданылады: қалақшалы араластырғыштар, коллоидтық диірмендер, гидродинамикалық араластырғыштар.

Жұмыс температурасына дейін қыздырылған битум және түйіршіктер немесе ұнтақ түріндегі полимер алдындағы араластырғышқа тиеледі. ПББ компоненттерінің ағындары нақты приборлармен бақыланады. Бұл сатыда битумға полимердің ісінуі және ішінара еруі жүреді. Алдын ала араласқаннан кейін, біртекті ПББ алу үшін битум мен полимердің қоспасы коллоидтық диірмен арқылы өткізіледі. Содан кейін ПББ фазалық бөлінудің алдын-алу үшін араластырғыштармен жабдықталған арнайы цистернаға жіберіледі, бұл жерде ПББ жетіледі. Көп сатылы циклды әсер ететін қондырғы бір немесе бірнеше (әдетте екі) араластырғыштан тұрады, онда битум мен полимерлер белгілі бір

мөлшерде енгізіледі. Содан кейін олар алдын-ала араластырылады. Алдын -ала араластырғаннан кейін, қоспа коллоидтық диірменге жіберіледі. Коллоидтық диірменнен шыққаннан кейін қоспаны қайтадан араластырғышқа түседі.

Диірмен арқылы өтудің қажетті саны зертханалық бақылау негізінде белгіленеді. Дайындалған ПББ сақтау үшін цистернаға жіберіледі. 5 суретке сәйкес ПББ көпжолалқты нұсқада алудың технологиялық схемасы ұсынылған.

Бұл қондырғыдан ПББ алу технологиялық процесі үш кезеңнен тұрады [98]:



Сурет 5 - Көп жолақты қондырғыда ПББ алудың технологиялық схемасы

Тұтқыр тотыққан битумдардың ПББ-н алу үшін пластификаторды немесе еріткішті сақтау, тарату және жеткізу мақсатында қондырғыны жабдықпен жабдықтайды. Қондырғыда полимерлердің барлық түрлерімен ПББ алуға болады.

ПББ өндіру бойынша циклдік ағынның типтік орналасуы битумды, полимерлерді және қоспаларды алдын-ала мөлшерлеуге арналған араластырғышты қамтуы тиіс, одан кейін осы материалдардың қоспасы жылжымалы энергиясы жоғары диірмен арқылы екінші араластырғышқа енеді, алынатын өнімнің сапасына қойылатын талапқа байланысты бірнеше рет қайтадануы мүмкін, одан кейін қолданылуыға толықтай дайын болғанша осы қоспа мөлшерлеуге арналған арнайы көлемдерге жіберіледі [36,б.114-115]

Осы қондырғыда ПББ алудың технологиялық процесі үш сатыдан тұрады:

Бірінші сатыда араластырғыштарда компоненттерді алдын-ала араластырады және битумда полимердің өрескел дисперсиялары пайда болады. Араластырғышта полимердің битумда ісінуі және ішінара еруі орын алады.

Араластырғыш қоспаға аз мөлшердегі жылуды хабардар ете отырып қоспаның құрамы тұрақты және температураның тұрақты болатындығын қамтамасыз етеді.

Екінші сатыда коллоидты диірмен көмегімен ПББ битумды- полимерлі композициялардың битум қалыптасуында полимердің жұқа дисперсияларын құру үрдісі орын алады. Коллоидтық диірмендер немесе диспергаторлар, полимерді ұнтақтау процесімен бірге, битум ерітіндісінде полимердің жұқа дисперсиясын қалыптастырады.

Үшінші сатыда битумды-полимерлі композицияның жетілу немесе тұрақтандыру процесі жүзеге асады. Бұл сатыда полимердің толықтай ісінуі және битумға енуі орын алады. Үшінші сатының нәтижесі - зертханалық сынақтан кейін тұтынушыларға жіберуге дайын полимер-битум байланыстырғышты алады.

1 тарау бойынша қорытынды. Сонымен, асфальтты-бетонды қаптамалардың ұзақ мерзімге қолданудың маңызды шарттарының бірі битумның қасиеттерін жақсарту және оларды эксплуатациялау шарттарын ескеріп дұрыс таңдау жасау болып табылады.

Әдеби деректерді талдау және жол құрылысында мұнай битумдарын пайдаланудағы тәжірибе көрсеткендей, отандық жол битумдары жарылуға қарсы төзімділігінің температурасының төмендігі, жылу қарсылығына, созылмалдылығы, адгезиялық қасиеттері талаптарға сай келмейді. Жол битумының сапасын жақсартудың тиімді тәсілі әр түрлі модификациялаушы қоспаларды қолдану арқылы олардың қасиеттерін реттеу болып табылады.

Жол қаптамаларының төзімділігін жоғарылатудың кең таралған инновациялық технологиясының біріне мұнай битумын модификациялау үшін полимерлері қалдықтарды пайдалану болып саналады.

Әдеби мәліметтерді талдау болашақта республиканың жол құрылысы тұтастай битумды тұтынуды жыл сайын ұлғайтуды жоспарлап отырғанын көрсетті. Сондай-ақ сырттан әкелінетін битумның сапасы бес жол-климаттық аймақтың алуан түрлерімен сипатталатын республиканың заманауи жол құрылысының талаптарына үнемі сәйкес келмейтінін ескеру керек. Қолданыстағы битум түрлері әрқашан тұтынушыларды қанағаттандырмайды. Асфальттыбетонды қаптамалар автомобиль жолдарының жоғарғы қаптамаларын салудың негізгі компоненті болып табылатындығын ескере отырып, органикалық байланыстырғыштардың сапасы олардың төзімділігін анықтайды.

Мұның бәрі Қазақстан Республикасында тұтынушымен тікелей байланыста болатын өсіп келе жатқан қажеттіліктерінің санына ғана емес, сондай-ақ құнды өнімнің реттелетін сапасына сәйкес келетін жаңа заманауи ірі қуатты битум өндірісін құру қажеттігін көрсетеді.

Полимер-битум органикалық байланыстырғыштардың құрылымын қалыптастырудағы тұрақтылығын арттыру үшін заманауи ғылыми-техникалық жетістіктерді талдау кезінде өнеркәсіп қалдықтарын пайдаланатын органикалық байланыстырғыштардың сапасын тиімді модифицирлеуді зерттеу

қажеттілігін көрсетті. Полимерлі-битумды органикалық байланыстырғыштардың физика-механикалық қасиеттерін реттеу полимерлі қалдықтар мен вермикулитті қолданумен органикалық байланыстырғыштарды алу үшін қажетті сападағы жол қаптамаларын жасау технологиясын әзірлеуге мүмкіндік береді.

2 Тәжірибелік бөлім. Зерттеу материалдары. сынақ әдістерін талдау

2.1 Зерттеу нысандары

Диссертациялық жұмыстың объектілері:

1 БНД 70/100 маркалы мұнай жол битумы.

БНД 70/100 мұнай өңдеу зауытының көптоннажды өнімі болып табылады, құнды техникалық қасиеттер кешеніне ие және жол құрылыс саласында кеңінен қолданылады. Жол битумы «Газпром нефть-битум-Қазақстан» ЖШС Шымкенттегі битум зауытында алынды [99-100]. Зауыттың өнімділігі тәулігіне 500 тонна битум. Битум өндіруге арналған шикізат гудрон (вакуумдық айдаудың ауыр мұнай қалдығы). - Омбы МӨЗ «Газпромнефть-Омск МӨЗ» ЖШС жеткізілген 4-кестеде осы битумның физика- механикалық қасиеттері келтірілген.

Кесте 4 - БНД 70/100 маркалы битумның физика-механикалық қасиеттері

Көрсеткіштері	Мәні
Иненің ену тереңдігі, 0,1 мм:	
25°С температурада	75
0 °С температурада	22
Сақина мен шар бойынша жұмсару температурасы, °С	48
25°С температурада созылғыштығы, см	115
Сыну температурасы, °С	-20
Тұтану температурасы, °С	240

2 Екіншілік тығыздылығы төмен полиэтилен (ТТПЭ) - қолданыста болған полиэтиленді қабыршақ. Жұмыста екіншілік тығыздығы төмен полиэтилен жол битумының модификаторы ретінде қолданылады. Модификациялау процесі басталғанға дейін қабыршақ алдын -ала өңдеуден өткізіледі; дистилденген сумен жуылады, кептіріледі және үлпек түріндегі біртекті материалға айналады.

ТТПЭ қалдығы - полиолефиндердің қатарына жататын термопласт. ТТПЭ химиялық формуласы: $(C_2H_4)_n$. ТТПЭ қалдығы қабыршақ күйінде кең түрде қолданылады. Полиэтилен қалдықтар – барлық полимерлі қалдықтардың ішінде жоғары құндылыққа ие [101-102].

3 Индустриялды май И-20А. Жұмыста пластификатор ретінде қолданылады. И-20А майы дистиллят немесе селективті тазалаудың дистиллятты және қалдық майлар қоспасы болып табылады [100,б.128-129,103].

4 Құлантау кен орнының вермикулиті. Зерттеу жұмыстары үшін Құлантау вермикулиті пайдаланылды. 6-суретте ісінген Құлантау вермикулитінің үлгілері бейнеленген.



Ісінген вермикулит (Құлантау)

Сурет 6 - Құлантау вермикулитінің ісінген үлгілері

Вермикулит үшін келесі кристалдыхимиялық формулалар ұсынылған [104-106].

Бэршард бойынша: $(\text{H}_2\text{O})_x (\text{Mg}, \text{Ca})_y (\text{Al}, \text{Fe}, \text{Mg}) (\text{Si}, \text{Al}, \text{Fe})_4 \text{O}_{10} (\text{OH})_z$ мұнда $y - z = 3$.

Грюнер бойынша: $22\text{MgO} \cdot 5\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot \text{Fe}_2\text{O}_3 \cdot 22\text{SiO}_2 \cdot 4\text{H}_2\text{O}$.

Құлантау кен орнының вермикулитінің сапалық сипаттамалары 5 кестеде келтірілген.


Кесте 5 - Құлантау кен орны вермикулитінің сапалық сипаттамалары

№ үлгі	Ылғалдылық, %	Ылғалдылық дәрежесі, %	Көлемдік массасы, кг/м ³	Вермикулит мөлшері, %
1	6,2	65	178	30
2	9,0	70	200	35
3	3,7	60	130	28
4	3,1	75	140	26

Құлантау кен орнындағы вермикулит үлгілерінің микроскопиялық зерттеулері мен рентгендік құрылымдық талдау нәтижелері негізгі құрамдас бөлігі $(\text{Mg}, \text{Fe}, \text{Al})_6(\text{Si}, \text{Cr})_4\text{O}_{10}(\text{OH})_8$ екенін айқындады, биониттің K_2O аз мөлшерімен және H_2O мөлшері көп өнімі, қоңыр қоймалжың қабыршықтары түрінде келтірілген.

Қоспалар ретінде: кальцит, хлорит кристалдары, кварц алынады [107].

Вермикулиттің құрылымдық схемасы 7 суретке сәйкес көрсетілген [104, б.4-5]:



Сурет 7- Вермикулиттің құрылымдық схемасы

2.2 Органикалық байланыстырғыштарды дайындау әдістері

Битумды 100-120°C температурада қыздырылып ерітіледі, одан кейін алдынала осы температураға дейін жылытылған металл ыдысқа 300 г мөлшерде салынады. Одан әрі битумның жалпы көлемінің 3% мөлшерінде пластификаторды қосады. Температура 140-150°C жеткенде үнемі араластыра отырып, битумның жалпы көлемінің 1,2,3,4,5% мөлшерінде түрлі пайыздық үйлесімде үлпек түрінде екіншілік тығыздығы төмен полиэтиленді қосады. Одан әрі 5-10°C мин жылдамдықпен температураны 180-190°C дейін жоғарлатады. Араластыру 1-1,5 сағат бойына жүргізіледі. Органикалық байланыстырғыш заттардың үлгілері қоспадағы полимердің пайызына байланысты дайындалды. 6-кестеде ПБОБ дайындаудың үлгісі көрсетілген.

Кесте 6 - ПББ қоспасы үшін рецепт

Қоспалар	Полимерлік қалдықтың үлесі, %				
	1	2	3	4	5
БНД 70/100, г	300	300	300	300	300
Екіншілік ТТПЭ, г	3	6	9	12	15
ИА-20А, г	9	9	9	9	9

Сонымен қатар, пластификатордың органикалық байланыстырғыштардың құрылымдық және механикалық сипаттамаларына салыстырмалы талдау жасау үшін пластификаторсыз битумды модификациялау процесі полимер-модификатордың қоспадағы сандық қатынасымен бірдей өткізілді.

2.3 Битумдың физика- механикалық қасиеттерін зерттеу әдістері

Битумның физика-механикалық қасиеттерін зерттеу және алынған - полимерлі-битум органикалық байланыстырғыштарды М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Мұнай өңдеу және мұнай

химиясы» кафедрасының зертханасында және Казан федералды университетінің (Казань қаласы, Ресей Федерациясы) зертханаларында жүргізілді.

Физика -механикалық қасиеттерін анықтау үшін битум мен органикалық байланыстырғыштарға келесі сынақтар өткізілді:

- органикалық байланыстырғыштардың қоспасының біртектілігін анықтау;
- иненің ену тереңдігін 0 және 25°C температурада анықтау;
- 25°C -да созылғыштығын анықтау;
- «Сақина мен шар» бойынша жұмсару температурасын анықтау;
- қоспаның созылмалдылығын анықтау;
- құмға үйлесуін анықтау.

2.3.1 Органикалық байланыстырғыштардың біртектілігін анықтау әдісі

Органикалық байланыстырғыштардың біртектілігі «ГОСТ 52056-2003 - СБС блоксополимерлері негізінде полимерлі-битумды жол байланыстырғыштар» бойынша анықталды [108].

Әдістің мәні - шыны түтікшені пайдалана отырып, органикалық байланыстырғыштың біртектілігін анықтау. Шыны таяқшаны 3-тен 4 секундқа дейін органикалық байланыстырғыштың үлгісіне енгізеді, содан кейін таяқшаны шығарады және көзбен байланыстырғыштың таяқшадан ағу сипатын және оның бетіндегі байланыс қабыршағының күйін бағалаймыз.

Органикалық байланыстырғыштар таяқшадан біркелкі ағуы қажет, және оның бетінде ешқандай дақтар, кесектер, түйіршіктер болмауы керек.

Органикалық байланыстырғыштардың біртектілігі үш анықтаманың нәтижелерін салыстыру арқылы анықталады. Егер үш анықтаманың екеуі оң нәтиже берсе, органикалық байланыстырғыш біртектілік сынақтан өткен деп есептеледі.

2.3.2 Полимерлердің ерігіштігін өндірістік майда анықтау

Әдіс өндірістік майда 20% полимерлі ерітінді сүзгіленіп болғаннан кейін торда майланған қалдықтың болуын анықтауға негізделген [109].

Өндірістік майда полимерлерлі қалдықтың ерігіштігі келесі ретпен анықталады. Фарфор ыдысында сыналатын 20 г полимер мен 80 г өндірістік майды салады. Электрлі плитада 160±1°C температураға дейін қыздырып, тұрақты түрде 15 минут бойы шыны таяқшамен араластырады, қозғалмалдылық жеткілікті болғанда механикалық араластырғышпен кемінде 30 минут бойы біркелкі күйге келгенше араластырамыз. Полимер ерітіндісін дайындаудың жалпы уақыты 1 сағаттан аспауы керек. Полимер ерітіндісін електен № 07 тор арқылы сүзіледі, кептіргіш шкафаға 160±1°C температурада 10 минутқа қояды, одан кейін салқындатылады.

Егер де полимер електен №07 тор арқылы толықтай өтсе және онда ешқандай басқалай қиқымдары жоқ біртекті қабыршақ қалатын болса, полимер

индустриалды майда толығымен еритін және ПБОБ дайындауға жарамды болып есептеледі.

2.3.3 Иненің битумға және органикалық байланыстырғыштарға ену тереңдігін анықтау әдісі

Битум мен органикалық байланыстырғыштардың пенетрациясын (иненің ену тереңдігі) «ГОСТ 11501-78. Мұнай битумдары. Иненің ену тереңдігін анықтау әдісі» сәйкес ПНБ-02М пенетрометрінды анықталынды [110].

Битум мен органикалық байланыстырғыштың шартты тұтқырлығының сипаттамалары болып табылатын пенетрометр инесінің ену тереңдігі 100 г жүкті 5 с бойына 25°C температурада және 200 жүкті 60 с бойына температурада 0°C органикалық байланыстырғыш үлгісіне иненің ену тереңдігін өлшеу арқылы анықталады

Пенетрация 25°C температурада байланыстырғыштың иілімділігін, оның технологиялық қасиеттерін сипаттайды және битум мен органикалық байланыстырғыштардың маркалы сипаты болып табылады. Пенетрация 0°C температурада байланыстырғыштардың төмен температурада иілімділігін сипаттайды, олардың эксплуатациялық қасиеттерін анықтай отырып, органикалық байланыстырғыштың деформациясын көрсетеді.

2.3.4 Битумның және органикалық байланыстырғыштардың созылғыштығын анықтау әдісі

Битумның және органикалық байланыстырғыштардың созылғыштығын «ГОСТ 11505-75. Мұнай битумдары. Созылғыштықты анықтау әдісі» бойынша ДБ-150 дуктилометрінде жүргізілді [111].

Әдістің мәні – арнайы формаға құйылған битум немесе органикалық байланыстырғыштың белгілі бір температурада тұрақты жылдамдықта үзілмей максималды ұзындыққа дейін созылғыштығын анықтаумен негізделген. Сынақ 25°C температурада 5 см/мин жылдамдықпен жүзеге асырылады. Созылған битум мен органикалық байланыстырғыштың пластикалық қасиеттерін белгілейді.

2.3.5 Органикалық байланыстырғыштардың икемділігін анықтау әдісі

Органикалық байланыстырғыштың икемділігін 25°C-та «ГОСТ 52056-2003. СБС блоксополимерлері негізінде полимерлі-битумды жол байланыстырғыш» бойынша анықталды [112].

Әдістің мәні ПББ үлгісінің шекті деформациясындағы созылмалды (толығымен қайтарымды) деформацияның үлесін анықтаудан тұрады. ПББ-дың созылмалдылығын үлгілердің созылғыштығын анықтағаннан кейін бірден анықталады.

25°C температурада созылмалдылығы органикалық байланыстырғыштағы полимердің созылмалды кеңістіктік құрылымды торының болуын көрсетеді және көпреттік динамикалық әсерлерге төзімділігін сипаттайды.

Э иілімділік индексі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\mathcal{E} = ((D + l) - L) / D \cdot 100\%, \quad (1)$$

мұндағы: D - созылғыштығы, см;

l - үлгінің созылғанға дейін ұзындығы 3 см-ге тең;

L – үлгінің екі бөлігінің қалпына келтірілгеннен кейінгі ұзындықтарының сомасы (соңғы өлшеу бойынша), см.

2.3.6 Битумның және органикалық байланыстырғыштардың «Сақина мен шар» әдісі бойынша жұмсару температурасын анықтау әдісі

Битумның мен органикалық байланыстырғыштың жұмсарту температурасын «ГОСТ 11506-73. Мұнай битумдары. Жұмсару температурасын «Сақина мен шар» бойынша анықтау әдісі» бойынша жүзеге асырылды [113].

Әдістің мәні битум немесе органикалық байланыстырғыш белгіленген өлшемде сақинада болып, сынақ шарттарында жұмсарады, және болат шардың әсерімен ығысу арқылы пластианың төменгі бөлігімен жанасады.

Битум мен органикалық байланыстырғыштардың жұмсару температурасы жұмыс істеудің температуралық ауқымының жоғарғы шегі мен қаптамалардың ығысуға тұрақтылығын сипаттайды.

2.3.7 ПБОБ-ның тұтану температурасын анықтау

Тұтану температурасы $T_{жар.}$ – бұл байланыстырғышты ашық тигельде қыздырған кезде газтәрізді өнімдер ауамен қоспа түзеді, жалынды байланыстырғыштың бетіне жақындатқан кезде қысқа уақытқа тұтанған кездегі температураны атайды.

Тұтану температурасы ПБОБ өртке қарсы төзімділігін сипаттайды және жұмыс өндірісінде мүмкін болатын өрттен және апатты жағдайлардан қорғау үшін маңызды. $T_{жар.}$ анықтау ГОСТ 4333-87 сәйкес жүргізілді. ПБОБ тұтану температурасы 220-230°C-тан жоғары.

2.3.8 Органикалық байланыстырғыштардың құммен жабысуын анықтау әдісі

Органикалық байланыстырғыштың құмға жабысуы «ГОСТ 11508-74. Битумды мәрмәрмен және құммен жабысуын анықтау әдістері», Б әдісі - «белсенді» жабысуы бойынша жүргізілді.

Әдістің мәні - органикалық байланыстырғыштардың судың қатысуымен құмның немесе мәрмәрдің бетіне жабысу қабілетін анықтау болып табылады [48,б.187-188].

Модифицирленген битумды тасты материалдармен жабысуын ГОСТ 11508-74 бойынша анықтайды. Байланыстырғыштың адгезиясы байланыс аймағындағы тас материалдардың бетіне берік жабысуын сипаттайды. Адгезия байланыстырғыштың физика-химиялық қасиеттеріне, олардағы белсенді функционалды топтардың құрамына, полярлығына, беттік керілуге байланысты.

Бұл әдіс суда қайнату процесі кезінде байланыстырғыштан ығысқан қабыршақты ұстап тұру үшін, алдын-ала тұтқыр затпен өңделген тас материалдардың қабілеттілігін негіздейді.

Модифицирленген битумды минералды материалмен байланысуын ГОСТ 11508-де келтірілген бақылау үлгілерінің суреттерімен немесе 7 кестеге сәйкес бағаланады.

Кесте 7 - Модифицирленген битумның минералды заттармен бағалау шкаласы

Минералды материал бетінде модифицирленген битум қабыршағының сипаттамасы	Жабысудың сыртқы көрсеткіші
Байланыстырғыштың қабыршағы толықтай сақталады, бұл кезде қабыршақ біртекті болмауы мүмкін	өте жақсы (5 балл)
Байланыстырғыштың қабыршағы бұрыштар мен шеттерден шамалы ығысады	жақсы (4 балл)
Байланыстырғыштың қабыршағы бұрыштар мен шеттерден ғана емес, сонымен қатар қиыршықтар түйіршіктерінің шекарасынан ығысады (50% дейін)	қанағаттанарлық (3 балл)
Байланыстырғыштың қабыршағы түйіршіктер жазықтығының көп бөлігімен ығысады. Жаңартылған жазықтықта байланыстырғыштың жеке тамшылары байқалалы, байланыстырыштың барлығы бетіне шығуы мүмкін.	нашар (2 балл)

Жабысу көрсеткіші болып су әсері кезінде байланыстырғыштың қышқыл (күм) немесе карбонатты (мәрмәр) минералды бетте ұсталу қабілеті (пассивті адгезия - А әдісі).

Байланыстырғыштың күмнің немесе ірілігі 3-10 мм мраморлы қиыршықпен жабысуын анықтау келесі ретпен анықталады.

Екі фарфор табақшаларға (30 ± 1) г минералды материалды және ($30 \pm 0,01$) г ПББ өлшейді. Табақшаларды термостатта 130-160°C температурада 20 минут бойы ұстайды. Қоспаны мұқият араластырылады және бөлме температурасында 20 минут бойы салқындатылады.


№025 немесе № 05 метал торларына сым қаптарымен дайындалған қоспаның жартысын алады, оны біркелкі қабатқа жаяды және торды қайнаған дистилденген суы бар стаканға салады. Су қабатының биіктігі қоспаның үстінен 40-50 мм биік болуы тиіс. Торды үлгілермен 30 минут бойы қайнаған суда ұстайды. Қайнату процесі кезінде қоспадан бөлінген байланыстырғышты сүзгіш қағазбен су бетінен мұқият бөліп алады.

Қайнағаннан кейін торды үлгілермен суық суы бар стаканға ауыстырады, онда 3-5 минут бойы ұстайды, одан кейін қоспаны сүзгіш қағазға ауыстырады. Осындай сынақтар екінші фарфор ыдыстағы үлгілерге жүргізіледі.

2.3.9 Битумның сыну температурасын анықтау әдісі

Битумның сынғыштығы «ГОСТ 22245-90-Тұтқыр мұнай битумдары [114-116]. Техникалық шарттар [40,б.164-165] бойынша анықталды, номограмма

бойынша БН маркалы жол битумының сыну температурасын 8 суретке сәйкес анықтау.



Сурет 8 - Жол битумының сыну температурасын анықтауға арналған номограмма

Тіке сызықтардағы сандар иненің 25°C (P_{25}) ену тереңдігі.

Иненің ену тереңдігін 0°C (P_0) 25°C (P_{25}) бойынша бөлу кезінде оның мәнін график (а) бойынша түзету керек.

Номограммадағы (б) ординат осінде P_0/P_{25} , графигіне(а) сәйкес түзетіңіз және P_{25} сәйкес келетін сызықпен қиылысқанша абсцисс осіне параллель сызықты сызу керек. Қиылысу нүктесінен абсцисса осімен қиылысқанша перпендикуляр түсіреді, сол жерде сыну температурасы анықталады.

2.4 Органикалық байланыстырғыштардың құрылымын ИК-Фурье спектроскопиясында зерттеу

Shimadzu IRPrestige-21 ИК-Фурье спектрометрі, PikeTechnologies фирмасының (НПВО) Miracle жалпы ішкі көріністің қосымшасымен [117-118].

Жоғары сезімталдығы жоғары керамикалық негізбен алтынмен жалатылған интерферометр және термотұрақтандырылған DLATGS детекторымен қамтамасыз етіледі.

Спектралды диапазонды кеңейту мүмкіндігі маңызды болып саналады - қосымша жабдықты орнатқанда, классикалық орта ИК аймағында (MIR) ғана емес, сондай-ақ жақын (NIR) және алыс (FIR) деңгейде жұмыс істеуге болады. Өлшеу нәтижелерінің тұрақтылығы мен жаңартылуы оңтайлы динамикалық теңестірудің патенттелген жүйелерімен және интерферометрдің икемді түйіндестіруінің қолдауымен қамтамасыз етіледі.

Инфрақызыл сәулеленудің жұмыс аймағын ауыстыру (NIR-MIR-FIR) сәулелену көздерін және детекторларды автоматты түрде өзгерту арқылы бағдарламалы-танымал сәулелі пластиналарды орнату арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарлама өлшеудің қажетті тізімі мен параметрлерін қолданылатын қосымшалар автоматты түрде таниды [119-120]. Әдеттегі сұйық кюветтер жиынтығынан және Шимадзу фирмасының KBr таблеткаларын дайындауға арналған жинағынан басқа, Shimadzu IRPrestige-21-тің аналитикалық мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетін арнайы қосымшаларды жеткізеді.

Түрлі материалдардан (KRS-5, ZnSe, синтетикалық гауһар тастар) призмалармен бірге, призмалары горизонталды немесе вертикалды орнатылған микроүлгілерді талдауға арналған қосымшалар сериясы шығарылады. Ішкі көрінісі бұзылған қосымшалар сұйық және қатты үлгілерді, қабыршақтарды, арнайы дайындалған резеңке үлгісін талдауға мүмкіндік береді.

2 тарау бойынша қорытынды. Төмен тығыздықты полиэтилен қалдығымен модификацияланған битум мен органикалық байланыстырғыштың физика-механикалық қасиеттерін зерттеу әдістері қарастырылды. Осы жұмыста классикалық орта ИК аймақта ғана емес, сонымен қатар жақын және алыс қашықтықта спектрлік ауқымды кеңейтуге мүмкіндік беретін ИК-Фурье спектроскопиясы қолданылған.

Өлшеу нәтижелерінің тұрақтылығы мен жаңартылуы оңтайлы динамикалық теңестірудің патенттелген системаларымен және интерферометрдің икемді түйіндісінің қолдауымен қамтамасыз етіледі.

Модифицирленген битумдарды алу әдістері және битумды өндіруге арналған шикізатты дайындау тәсілдері өндірісте қолданылған және битум материалдарын өндіру технологиясының қазіргі кезеңінде ғалымдардың таңдауы, теориялық және практикалық нәтижелер негізінде таңдалынған және дәлелденген.

3 Нәтижелерді талдау. Органикалық байланыстырғыштардың құрылымын қалыптастыру

3.1 Мұнай битумының құрылымы туралы заманауи тұжырымдамасы

Битум–мұнайдан шыққан жоғарымолекулалық көмірсутектерінің күрделі қоспасы, сондай-ақ олардың туындылары құрамында оттегі, күкірт, азот және металдардың күрделі қосылыстары бар. Битумдарды ауыр мұнай қалдықтарын өңдеу –гудрон, мазут, деасфальтизация асфальтендері, крекинг қалдықтары, май фракцияларын селективті тазалау экстрактілерін өңдеу нәтижесінде алынады [1,б.243-244,4,б.133-134,5,б.77-78,12,б.124-125].

Битумның элементарлы химиялық құрамы, % масс. бойынша: 80-85 көміртегі; 8-12 сутегі; 0,2-4 оттегі; күкірт 0,5-10; азот 0,2-10,4. Мұнайдың асфальтты концентраттарында кейбір металдардың құрамы % масс. бойынша: ванадий 0,22; никель 0,115; темір 0,110; кальций 0,054. Битумның орташа молекулалық массасы 700-800, нақты тығыздығы шамамен 1000 кг/м³ құрайды [121].

Битумдардың элементтік құрамы мүмкін болатын химиялық қосылыстар туралы шамалас түсінік болғандықтан оның химиялық топтық құрамын анықтау ұсынылады. Әртүрлі қосылыстарды топтарға бөлу олардың еріткіштер мен адсорбенттерге қатысты таңдамалы қатынасына негізделген. Әдетте битумнан келесі көмірсутектердің топтары: майлар, шайырлар (бензолды және спирт бензолды), асфальтендер, кейбір кезде асфальтогенді қышқылдар және олардың ангидридтері, карбен және карбоидтер шығарылады.

Жол битумының шамамен топтық құрамы,% масс. бойынша: майлар 40-60; шайырлар 20-40; асфальтендер 10-30, карбен және карбоидтер 1-3; асфальтогенді қышқылдар және олардың ангидридтері 1-ге дейін.

Битум ауыр мұнай қалдықтарынан терең концентрлеу (қалдық) немесе тотықтыру (тотықтырылған) әдістермен өндіріледі;ол жол құрылысына, шатыр жасау, гидроокшаулағыш және электр оқшаулағыш материалдарды дайындау, асфальтты лактар мен полиграфиялық бояуларды дайындау үшін өндіріледі.

Битумды сұйық, жартылай қатты және қатты түрінде шығарады. Қолданысы бойынша битум жол (тұтқыр маркаларыв БН, БНД, БДУ және сұйық), құрылыс (БН маркалы), шатыр (БНК), оқшаулау (БНИ), сынғыш (Б және Г), балкуы жоғары жұмсартқыштар (рубракстар) А-30 және А-10 болып бөлінеді. Көптеген битумдар бір-бірінен жұмсарту температурасы, сынғыштық, иненің ену тереңдігі (пенетрация), созылғыштығы,адгезия бойынша ерекшеленеді.

Битум ең танымал органикалық байланыстырғыштардың бірі және мұнай өңдеудің көптоннажды өнімі болып саналады.

Битум - асфальттыбетонды қоспалардың негізгі компоненттерінің бірі, жолдың қаптамасының сапасы оған айтарлықтай дәрежеде байланысты, демек оның жөндеу жұмыстарын жүргізбей қызмет көрсетудің мерзімі де битумға байланысты. Битумның физика-механикалық қасиеттерінің ерекшеліктеріне, сондай-ақ салыстырмалы арзандығы және өндіру көлемі үлкен болғандықтан, мұнай битумы асфальттыбетонды өндірудің негізгі байластырғышы ретінде жүз

жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді [1,б.258-259,5,б.81-82,122]. Алайда жолдарда үнемі өсіп келе жатқан жүктемелерге байланысты, пайдаланылатын материалдардың оның ішінде байланыстырғыш материалдың сапасын жоғарылатуды талап етеді.

Битумды жоғары молекулалық қосылыстармен полимер-битум байланыстырғыш заттар (ПББ) немесе полимер-битум органикалық байланыстырғыш заттарды (ПБОБ) біріктіру арқылы байланыстырғыштың эксплуатациялық қасиеттерін едәуір арттыруға болады.

Органикалық байланыстырғыш материал асфальттыбетонның негізгі құрылымдық құрайтын компоненті болып табылады, ол көбінесе оның қасиеттерін алдын-ала анықтайды. Органикалық байланыстырғыш материалдың арқасында жеке минералды түйіршіктер берік монолит түзеді, ол механикалық күштерге және атмосфералық факторлардың әсеріне қарсы тұра алады. А.С. Колбановскийдің классификациясы бойынша битумдарды I, II, III құрылымдық түрлерімен бөліп, 10 суретке сәйкес ол коллоидтық жүйелермен, гель, золь және золь-гель анықталуы мүмкін [8,б.94-95,122,б.135-136].


Ортаға асфальтендердің лиофильділігінің төмендеуімен коагуляциялық құрылымның қалыптасуының критикалық концентрациясы күрт жоғарылайды, лиофильділіктің жоғарылауымен бұл концентрация төмендейді. Шектік лиофильділік жағдайында (парафиндінафтенді көмірсутектердің болмауы кезінде ароматикалық көмірсутектердің асфальтендердің толық еруі) коагуляциялық құрылым асфальтендердің ерітіндісіне өтеді. Коагуляциялық құрылымның қалыптасуының критикалық концентрациясының мөлшері көп жағдайда негізгі құрылымдық элементтердің және олардың әсерлесу сипатымен анықталады.

